

**Тәрбиелеу -білім беру процесінің циклограммасы
№3 Алға қазақ орта мектебі**

Жоспардың құрылу кезеңі : 02.09-06.09.2024 ж

Балалардың жасы : 5 жас

Топ /сынып: 0 «А»

Жетекшісі: Онешбаева П.К

Күн тәртібі	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
«Бір тұтас тәрбие» бағдарламасы аясында 1. « Еңбекқорлық және кәсіби біліктілік » айы «Апта дәйексөздері»- «Білім- қымбат қазына, қанағат тұтпа азына» Балаға берілген бірінші тәрбие ата-анасын, туысын, жолдасын сыйлауға үйретуден басталады. Ыбырай Алтынсарин					
Балаларды қабылдау	Өнегелі-15 минут балалардың ересектермен емін-еркін қарым-қатынас жасау дағдыларын қалыптастыру мобильді кітапханада жұмыс, ата-ананың балаға кітап оқуына мүмкіндік жасау, кітапқа деген қызығушылықты арттыру, кітапқа жанашырлық, жауапкершілік таныту. Күй күмбірі -балаларды қабылдау барысында үнемі күй қою, шығармашылық зерттеу іс әрекет дағдыларын дамыту, музыканы тыңдауға қызығушылықты қалыптастыру, музыканы эмоционалды көңіл-күймен қабылдау,ұлттық мәдениетті түсінуге, құрметтеуге, қызығушылғын артыру. Күй күмбірі- «Көңіл күй» Назар Смағұл Мақсаты: Түрліше сипаттағы музыканы сүйсіне тыңдап, тани білуге ынтасын дамыту,				
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Қауіпсіздік ережесі әлеуметтік эмоционалды дағдыларды қалыптастыру, балалармен бірге жол ережелері туралы мультфильмдер көруге кеңес беру, ұсыну. Ата-аналармен балалардың денсаулығы, күнделікті үй-жайындағы күн тәртібін сақтау, тәрбие, баланың дамуы және оның жетістіктері туралы әңгімелесу, жыл мезгілдеріне арналған киім түрлері туралы кеңестер.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар,үстел -үсті ойындары,бейнелеу әрекеті,кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	«Менің Қазақстаным» Гимн орындау Мақсаты:рухани-патриоттық сезімге тәрбиелеу «Ұлттық ойын-ұлт қазынасы» «Күзетші»	«Ұлттық ойын-ұлт қазынасы» Ұлттық құндылықты қалыптастыру «Күн мен түн»	«Ұлттық ойын-ұлт қазына Ұлттық құндылықты қалыптастыру «Тұтқын»	«Ұлттық ойын-ұлт қазынасы» Ұлттық құндылықты қалыптастыру «Аңшылар»	«Ұлттық ойын-ұлт қазынасы» Ұлттық құндылықты қалыптастыру «Алшы»
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Жылулық сәті: Апам мені «Айым»-дейді, Мен мұнайсам,уайым жейді. Апам мені «Күнім»-дейді, Мен қуансам күлім -дейді.	Жылулық сәті: Қуанамыз күлеміз, Бар әлемде сүйеміз. Қол ұстасып, қуанып, Достарымен бір жүреміз.	Жылулық сәті: Шақырамын сендерді Жолдастарым кел бері Толтырайық шаттыққа, шеңберді.	Жылулық сәті: Бақыт толы шеңберге, Шаттық толы шеңберге, Қол ұстасып келдік біз, Жан достармыз енді біз.	Жылулық сәті: Достар бері келіндер, Қолдарыңды беріндер. Шаттық толы шеңберге Қуанышпен еніңдер.
Таңертенгеі жаттығу	Картотека №1				
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған,	1.Сауат ашу негіздері . Дыбыс туралы түсінік беру.	1.Сөйлеуді дамыту Ана тіліндегі дауысты және айтылуы және дыбысталуы ұқсас дауыссыз бп, г-ғ, к-қ, ж-	1.Сауат ашу негіздері. Сөйлем туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру	1.Сөйлеуді дамыту Мектептегі алғашқы күн Міндеті: Фонематикалық естуді дамыту, сөздегі	Сауат ашу нагіздері . Жазу кезінде арқаны дұрыс ұстау ережелерімен

іс-әрекет	Геометриялық фигуралардың, көгөністер, жеміс-жидектердің дайын суреттерінің сыртын шетке шығармай бастыру, бояу -Табиғи дыбыстарды, жан-жануардың дыбыстарын ажыратуға үйрету, сөзді айту үшін адамға дауыс керек екенін түсіндіру. Көрсетілген бағыттары бойынша үзік сызықтарды қосып дұрыс бастыра білуге үйрету. Ұқыптылық қа, бастаған жұмысын иянақты аяқтауға тәрбиелеу («коммуникативтік дағдыларды дамыту» б.д.о) 2.Математика негіздері Жиынды сапасы бойынша әртүрлі элементтерден (дыбысын, қимылын) құру, жиындарды бөліктерге бөлу және оларды қайта біріктіру. «Бір» деген ұғым бір ғана заттың санын ғана емес, сонымен қатар бүтін бір топтың жиынтығын да білдіретіндігін ұғындыру, «біреу» және «көп» («бірнеше»), «бірдей және түрлі түсті» терминдерін енгізу. Логикалық байла-	ш, з-с, н-ң, р-л дыбыстарды дұрыс, анық айтуды үйрету Ба-ба-ба – бала. Бо-бо-бо – бота Бө-бө-бө – бөрік. Табыл – дабыл. Бақа – бақбақ «П» дыбысының буын ішінде кездесетін сөздерге мысал келтіреді: Па-па-па – парта. Жа-па-лақ – жал-пақ. Па-рақ – жа-пы-рақ. балаларға «бала», «парта», «бақа», «бақбақ» сөздеріне сөйлем құратады. Сөздерді дыбысталуы бойынша салыстыру Клуб, штаб, араб, куб; Мектеп, кәсіп, ғажайып, доп, нәсіп. 2.Қоршаған ортамен танысу. Табиғатпен таныстыру: Табиғатпен таныстыру барысында заттар мен құбылыстардың өзіне тән, сипаттамалық белгілерін бақылау, талдау, салыстыру, ажырату. Қолданылатын көрнекі құралдар: үлестірмелі материал, жұлдызшалар, жаз, күз мезгілдерінің ауа райы құбылыстарын бейнелейтін карточкалар, күзгі, жазғы өсімдіктер, қағаздан қиылған гүлдер, жапырақтар, ермексаз, зырылдауық, пластик жәндіктер. Жұмбақ : Алғашқысы суытады өлкені, Үшіншісі: «Көк теңізге бар», – дейді, Екіншісі жылытады	(грамматикалық анықтамасыз), сөйлем сөздерден тұратынын түсіну. Геометриялық фигуралардың, көгөністер, жеміс-жидектердің дайын суреттерінің сыртын шетке шығармай бастыру, бояу Табиғатта түрлі дыбыстардың бар екенін білдіру, олардан адамның дауы-сын ажыратуға үйрету, дауыс ауызбен айтылып, құлақпен естілетінін түсіндіру. Екі, үш, төрт дыбыстан тұратын сөздер ойлату арқылы ойлау қабілеттерін дамыту, балалардың сөздік қорын жаңа сөздермен байыту. Ұқыптылыққа, бастаған істі аяқтай білуге баулу. («коммуникативтік дағдыларды дамыту» б.д.о) 2.Математика негіздері Кеңістікті бағдарлау. Кеңістік туралы түсініктерді бекіту: заттарды кеңістікте орналастыру. Топтық жұмыс. Балаларды топқа бөлу үшін педагог санамақ ұсынады. Топтардың әрқайсысына әртүрлі заттар (кестеге ұқсас) бейнеленген жұмыс парақтары таратылады. Педагог ойын жағдаятын ұйымдастырады (ойыншықтарды табуға көмектеседі). Педагог карточкадағы суреттің	дыбыстардың орнын анықтау (басы, ортасы, соңы). Артикуляциялық жаттығулар жасау Мақсаты:- Мазмұнды жалғастырту арқылы ой-қиялдарын дамыту Ба-ба-ба – бала. Бо-бо-бо – бота Бө-бө-бө – бөрік. Табыл – дабыл. Бақа – бақбақ «П» дыбысының буын ішінде кездесетін сөздерге мысал келтіреді Па-па-па – парта. Жа-па-лақ – жал-пақ. Па-рақ – жа-пы-рақ -балалардың тілін жаңылтпаш қайталау арқылы жаттықтырады: 1.Тебіншек ат – шегіншек. Шегіншек ат – тебіншек 2.Қоршаған ортамен танысу. Жануарлар әлемі: Жануарлардың тірі тіршілік иесі екендігін бақылау және себеп-салдарлық байланыстарды ажырату: жануарлар қозғалады (жүреді, жүгіреді, секіреді, ұшады, қозғалады); Қолданылатын көрнекі құралдар: үлестірмелі материал, интербелсенді тақта, құстар суреттері, тетрапакеттер, жіп, қайшы. Қош бол туған жеріміз, Айдын шалқар көліміз. Қайта айналып келгенше Аман-сау бол, еліміз! Өлең не туралы? – Ұшып кететін құстарды	таныстыру. Геометриялық фигуралардың, көгөністер, жеміс-жидектердің дайын суреттерінің сыртын шетке шығармай бастыру, бояу «Не қалай дауыстайды?» Д/ойын Ойын шарты: Педагог үй жануарларының суретін көрсетіп, не істейтінін айтады. Балалар сол жануардың дауысын салады. Қой маңырайды: Сиыр мөңірейді: Жылқы кісінейді: Түйе боздайды: Ешкі бақырады: Бұл ойында үй жануарларының жүрісін де салуға болады «Жанбыр» саусақ ойыны: Жанбыр жауса, Тырс-тырс, Айтады гүл: – Дұрыс-дұрыс. Жанбыр жауса, Тырс-тырс. Айтады қыр: – Ырыс-ырыс («коммуникативтік дағдыларды дамыту» б.д.о) 2.Математика негіздері -«Біреу» және «көп» («бірнеше») терминдерін енгізу. Есте сақтау, сөйлеу, назар аудару дағдыларын дамыту\ Сендер ойыншықтар дүкеніне барғанды жақсы көресіңдер ме?
-------------------------	---	---	--	---	---

	ныстар мен заңдылықтарды орнату білігін бекіту. Назар аудару, есте сақтау, сөйлеу, қолдың ұсақ моторикасын дамыту. Шыдамдылық қатербиелеу 3. Көркем әдебиет Білімнің – бұлағын - Білім туралы түсінігін кеңейту. Ойлау қабілетін дамыту. Ойын жеткізіп айта білуге тәрбиелеу Күтілетін нәтижелер: Жасайды: ; Әдеби шығармаларды эмоционалды қабылдауы Түсінеді: өлең мазмұнын түсінеді; Қолданады: мақалдың мағынасын айтады Білімнің – бұлағын Қанатым талмайды, Қиялым самғайды. Ақын да, ғалым да Ұстазсыз болмайды. Мереке күніңмен Құттықтап бүгін мен, Ойыма ой қосам, Сен берген біліммен Дидактикалық ойын: «Ғажайып қоржын». Ойынның шарты: Ғажайып қоржынның ішінде заттар, ойыншықтар, оқу құралдары бар. Балалар оқу құралдары мен ойыншықтарды ажыратып, бөлек жинайды, атайды Мақалды жаттап ал. Білекті бірді жығады, Білімді мыңды жығады. Педагогпен бірге мақалдың	жер көкті, Төртіншісі ұсынады бар дәмді. Жұмбақ не туралы? – Жыл мезгілдері туралы. Педагог «Сұрақ-жауап» әдісі арқылы жұмбақтың шешуі қыс, көктем, жаз және күз екенін тапқызады және әр жыл мезгілінің ерекшеліктерін естеріне түсіреді. Жаз және күз мезгіліндегі табиғат құбылыстары туралы бейнебаян көрсетіледі: Күннің күркіреуі, найзағай, нөсер, күннің ыстықтығы, жел соғуы, күннің суытып, жапырақтардың ұшуы, жел соғуы. Жазғы, күзгі ағаштардың өсуі, жыл мезгіліне байланысты өзгерістері жайлы бейнебаян шығады. Қайың, емен, үйеңкі ағаштары саябақтарда, жол бойында, орманда өседі. Алмаағаш – ең көп таралған бақша ағашы. Алмаағаштың жемісі – алма, өте пайдалы. 3.Қазақ тілі -Ауызекі сөйлеуді қарым-қатынас құралы ретінде дамыту. Жасайды: жаңа сөздерді және сол сөздерде кездесетін қазақ тіліне тән дыбыстарды айтады, диалогке қатысады. Түсінеді: қарапайым сұрақтарды түсінеді, жауап береді. Қолданады: сөйлемдер құрайды, сұрақтарға жауап береді. Дидактикалық ойын: «Танысу». Балалар аттарын	орналасуын айтады, мысалы, жоғарғы сөренің оң жағы. Балалар осы жерде бейнеленген затты атайды. Оған керісінше затты атайды, балалар оның да орналасуын атайды 1-тапсырма. Педагог мотоциклді суреттің ортасына жапсыруды ұсынады. – Мотоциклдің оң жағында, сол жағында, үстіңгі жағында, астыңғы жағында қандай заттар орналасқан? 2-тапсырма. Үйшігіне қарай иттің қайда орналасуын анықтау. Балаларға үйшіктің алдында отырған итке доптың суретін салуды тапсырады. Тапсырманы орындаудың әртүрлі нұсқаларын ұсынуға болады. Балалар тапсырманы орындайды, талқылайды. Педагог балаларға терминдерді қолдануды үйретеді: сол жағында, оң жағында, төменде, жоғарыда, артында, алдында. 3.Көркем әдебиет Өлең мазмұнын қайталап айтуға ынталандыру. Байланыстырып сөйлеуін жетілдіру. Балабақшада бір-бірімен тату болуға тәрбиелеу -Педагог балабақша туралы суреттер бойынша әңгіме құрайды. – Бүгін сүйікті балабақшамыз туралы әңгімелейміз. Балабақша – әдемі атау. Бақшада жас жеміс ағаштары өссе, балабақшада Отанымыздың жас ұландары, сендер өсіп, мейірімді, тату болуға, жақсылыққа, әдептілікке үйренесіңдер.	тағы қалай атауға болады? – Отырықшы құстар. – Құстар қай мезгілде жылы жаққа ұшады? – Күз мезгілінде. Балалар, құстар неге күзде ұшып кетеді? – Суықтан үсіп қалады. Қыста жейтін қоректері өте аз болады «Қай құс ұшып кетті?» ойыны Балалар, қыста құстарға қорек табу оңай ма? (Балалардың жауаптары тыңдалады). Қыста қар көп жауады, өте суық күндер, аяз, жиі қарлы боран болады. Мұндай ауа райында құстар жиі суық пен аштықтан өледі. Қанатты достарымызға қалай көмектесе аламыз? (Балалардың жауаптары тыңдалады) – Дұрыс, балалар, біз құстарға жем бере аламыз. Ол жемді қайда саламыз? – Жемсауытқа. 3.Қазақ тілі Ауызекі сөйлеуді қарым-қатынас құралы ретінде дамыту. Балалардың қоршаған ортаға өзінің қарым-қатынасын білдіруге, ауызекі сөйлеуге ынталандыру Күтілетін нәтижелер: Жасайды: жаңа сөздерді және сол сөздерде кездесетін қазақ тіліне тән дыбыстарды айтады, диалогке қатысады. Түсінеді: қарапайым сұрақтарды түсінеді, жауап береді.	-Қандай ойыншықтарды ұнатасыңдар? -Үйде қандай ойыншықтарың бар? Балалар ойыншықтар туралы сұрақтарға жауап береді Одан кейін қарындаштармен (таяқшалармен, текшелермен және басқа да заттармен) практикалық жұмыс жүргізу Әрбір үстелге көп қарындаштардан (таяқшалар және басқалары) қояды. Үстелдің үстінде қанша қарындаш бар? (Көп). Шығармашылық бейнелеу әрекеті (сурет салу, мүсіндеу, жапсыру, құрастыру) Мақсаты: -балаларға терек бұталары жайлы түсінік беру, ағаштарды өзіндік ерекшеліктеріне байланысты бір-бірінен ажыратуға және терек бұталары суретін салуға үйрету -- пішінді мүсіндеудің таныс әдістерін пайдалана отырып, ағаш бұтақтарын мүсіндеу -- жырту, умаждау әдісі арқылы бейнелер- мен сюжетті толықтыруға үйрету - табиғи материалдардың
--	---	--	---	---	--

	мазмұнын талдау арқылы білімді адамның мықты болатынын, ақылды болу үшін кітапты көп оқу керектігін түсінеді 4.Дене шынықтыру . Музыкалық-ырғақтық қимылдар. Таныс дене жаттығуларын музыка әуенімен әсем және ырғақты орындау. «Мұқият бол» ойын жаттығуы. 1,5 минут орташа қарқынмен жүгіру; қозғалысты белгі бойынша алмастыру – жүру, еңбектеу. Мұрынмен тыныс алуға көңіл бөлу, жүру қарқынын бұзбай ырғақпен адымдауларын қадағалау. Тыныс алу гимнастикасы (у-шу кешені). Қимыл-қозғалыс ойыны: «Бос орын» (5 рет). Балалар шеңбер бойына малдас құрып отырады. Жүргізуші шеңбер бойымен жүріп, бір ойыншының жанына келіп, оның жанына беторамалды тастайды да: «Бұл жер саған тар Өзіңе орын тауып ал», – дейді. Ойыншы беторамалды алады да, жүргізушіні қуады. Ал жүргізуші оның орнына жылдам барып отырып алуға тырысады. Орынсыз қалған ойыншы жүргізуші болады	айтып, қуыршақпен танысады. – Сенің атың кім? – Менің атым – Айым . – Менің атым – Вика. – Менің атым – Арлан Дидактикалық ойын: «Тыңда, көрсет, қайтала». (Балалардың есте сақтау қабілеттерін жетілдіру, тілдерін дамыту, қима суреттермен жұмыс). – Мынау кім? – Мынау – қыз. – Қыз қайда келді? – Қыз мектепке келді. 4.Музыка Білімің – бұлағың Балаларды шығармалардың эмоционалды мазмұнын, олардың сипатын, көңіл-күйін, динамикалық ерекшеліктерін ажырата білуге үйрету Музыка тыңдау: «Қосалқа» Дәулеткерей Ән айту: «Білімің – бұлағың» (Т. Қоңыратбай) Музыкалық-ырғақтық қимылдар: «Қояндар», «Аю», «Түлкі», «Қасқыр» (Т. Ломова) Билер: «Жұптасу биі» (чех халық әуені) Ойындар, хороводтар: «Айгөлек» қазақтың халық әні (өңдеген Б. Қыдырбекова)	– Біз бүгін ақын Өтепберген Ақыпбековтың «Бәрі де бар бақшада» өлеңімен танысамыз. Өлең ұнады ма? Авторы кім? – Өлең қалай аталады? Неліктен балабақша деп айтамыз? – Балабақшада сендерді кім қарсы алады? – Балабақшада не үйренесіңдер? Сендерге балабақша несімен ұнайды? 4.Дене шынықтыру . Спортзалда ойнаймыз Секіру: бір орында тұрып, алға қарай 3–4 метр қашықтыққа жылжу арқылы секіру, екі тізенің арасына қапшықты қысып алып, түзу бағытта (арақашықтығы 6 метр) қос аяқпен секіру Қимыл-қозғалыс ойыны: «Қармақ». (3 рет). Балалар шеңбер бойына тұрады. Педагог ортада. Ол қолындағы баудың (қармақтың) бір ұшынан ұстайды. Баудың екінші ұшына құм салынған дорба байланған. педагог жіпті жер бауырлата айналдыра бастайды. Балалар орнында тұрып жоғары секіріп қалып, құтылуға тырысады. Жоғары секіргенде екпінмен итеріліп, аяқтарын жинап алады. Кімнің аяғы ілінсе, сол ойыншы «қармаққа түсті». Ойын барысында балаларды ауық-ауық үзілістер жасап, демалтып тұру қажет.	Қолданады: сөйлемдер құрайды, сұрақтарға жауап береді Сөздік ойын: «Жалғасын тап». Суреттерді көрсетеді, суретке байланысты заттың атын атайды, сол сөзге сөзді байланыстырып жалғап, сөйлем құрайды. Мектеп (әдемі, жарық, таза) Біздің ... (топ) Біздің топта... (ойыншықтар көп) Біздің топта.... (үстелдер, орындықтар, кереуеттер) бар. Табиғат бұрышында .. (гүлдер) бар. 4.Музыка Білімің – бұлағың Міндеті: Ән айту дағдыларын қалыптастыру Музыка тыңдау: «Қосалқа» Дәулеткерей Ән айту: «Білімің – бұлағың» (Т. Қоңыратбай) Музыкалық-ырғақтық қимылдар: «Қояндар», «Аю», «Түлкі», «Қасқыр» (Т. Ломова) Билер: «Жұптасу биі» (чех халық әуені) Ойындар, хороводтар: «Айгөлек» қазақтың халық әні (өңдеген Б. Қыдырбекова)	түрлерімен таныстыру, олардан ағаш бұтақтарын дайындай білуге үйрету Дене шынықтыру Мақсаты: Көзбен бағдарлай отырып, ауызша нұсқаулармен ойын түріндегі жаттығуларды (жануарлардың қозғалысына еліктеу) педагогпен бірге орындауға үйрету. Спорттық құрал-жабдықтардың қажеттілігін, зал ішінде қауіпсіздік техникасын сақтау керектігін, заттарды аттағанда тепе-теңдік сақтау қажеттігін 1.Құралсыз жалпы дамыту жаттығуларын орындату (№1). 2.Бұрылыс жасап, бір орындарында екі аяқпен секіру «Жұбынды тап!» ойын-жаттығуы. Зал ішінде жұп болып жүреді, педагогтің белгісі бойынша әртүрлі бағытта шашырап жүгіреді. «1-2–3 жұбынды тап!» деген бұйрықпен жұп болып тұрады. Жұпсыз қалған балаға: «Ұйықтап қалма, Әсет, Жұбынды тап тездет», – деп барлық балалар хормен айтады
--	--	--	---	--	---

Балалармен жеке жұмыс	Қыркүйек айы балалардың біліміне бақылау жүргізіледі.				
Серуен	Еңбегі адал-жас өрен Серуенге қызығушылықты арттыру. Балалардың реттілікпен киінуі, серуенге шығу, топтық ережелерді қайталау (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту) тақырыбына жеке әңгімелер өткізу.				
	Серуен №1 «Күнді бақылау» Мақсаты: Балаларды табиғат құбылыстарымен таныстыру: күнің қысқаруы, түннің ұзаруы түсінік беру. Бақылау: Серуен алдында балалардың көңіл – күй көтере отырып, бүгін күн ашық, бірақ күн ыстық емес, жаздағыдай қатты қыздырмайды. Тәрбиеші күннің ауысып, орналасқан жерін байқатады; (күндіз және кешкілікте) күннің шығуын, батуын бақылау; күн сәулесінің терезеге түсуі бойынша күннің орналасуын белгілеу. Жұмбақ: Ақ сандығым ашылды Ішінен жібек шашылды (күннің көзі) Аспандағы алып доп Жарқырайды жарық боп (күн)	Серуен №2 «Ағаштарды бақылау» Мақсаты: күзгі табиғат құбылыстарымен таныстыру, күзгі ағаштарға назарларын аудару. Күзгі ағаштардың ерекшелігімен таныстыру. Сұрақ – жауап арқылы сөздік қорларын, ой –өрісін дамыту. Табиғатқа деген сүйіспеншіліктерін арттыру, адамгершілік сезімге тәрбиелеу. Көркем сөз: Ұшты талдан жапырақ Сары көблек секілді Аспанда жай шатырлап Тамшы жерге секірді	Серуен №3 «Тұманды бақылау» Мақсаты: Тірі және өлі табиғат түсінік беріп; табиғат құбылысы тұманды бақылау. Қоршаған ортаның әдемілігін сезініп түсінуге үйрету, күздің алуан түрлілігін көруге үйрету. Тәрбиеші тұман ол – табиғаттың бір құбылысы екендігін айтады, күн шыға бастағанда тұман азая бастайды, ал күн жылына бастағанда тұман жоқ болып кетеді, ол ауа-райының өзгеруінен пайда болатын құбылыс.	Серуен №4 «Шықты бақылау» Мақсаты: Балаларды табиғат құбылысы шықпен таныстыру. Бақылау: Неге шөп дымқыл? Бұл дымқылдық қайдан келді деп ойлайсындар? Бұл қандай құбылыс? (Шық) Ол қалай пайда болды? (күн ұясына батқаннан кейін жер, шөп, жапырақтар суып шық пайда болады. Шық - бұл түнгі өсімдіктердің беті және топырақтарда жиналған дымның тамшысы; Шық қандай ауа -райында пайда болады? Ашық күні ме ,әлде бұлтты күні бола ма?(шық ашық күні пайда болады, бұлтты күні болмайды.) Жұмбақ:	Серуен №5 «Күзгі аспанды, бұлтты бақылау» Мақсаты: Өлі табиғат аспан туралы түсінік беру; аспанның әсемдігін бақылауды қалыптастыру; шығармашылық қабілеттерін дамыту, аспанның ашықтығы туралы білімдерін жетілдіру.Бұлт туралы түсінік беру. Аспанның түсі күзде қалай өзгереді? (аспан кеңейген сияқты, жақсы көрінеді, жоғарғы жағы қою күлгін, ал шеттері ақшыл). Түнде және күндіз аспанда не пайда болады? (Аспан ашық: күндіз – Күн, кешке – ай және жұлдыздар)
Балалардың үйге қайтуы	Өнегелі-15 минут Ұлттық дамытушы ортада ұлттық бұйымдарды ата-анамен бірге қарауға, Мобильді кітапхана орталығында кітаптар көруге, алып оқу, суреттерді қарауға, табиғат дамытушы ортада құстарды, балықтарды қоректендіруге мүмкіндік беру, ата-ананы балабақша жұмысына тарту, бала мен ата-ана қарым-қатынасын арттыру.				

Тәрбиелеу -білім беру процесінің циклограммасы
№3 Алға қазақ орта мектебі
Жоспардың құрылу кезеңі : 09.09-13.09.2024 ж

Балалардың жасы : 5 жас		Топ /сынып: № «А»		Жетекшісі: Онешбаева П.К	
Күн тәртібі	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
«Бір тұтас тәрбие» бағдарламасы аясында 1. « Еңбекқорлық және кәсіби біліктілік » айы «Апта дәйексөздері»- Бала тәрбиесі бір өнер, өнер болғанда ауыр өнер, жеке бір ғылым иесі болуды тілейтін өнер Мағжан Жұмабаев					
Балаларды қабылдау	Өнегелі-15 минут балалардың ересектермен емін-еркін қарым-қатынас жасау дағдыларын қалыптастыру мобильді кітапханада жұмыс, ата-ананың балаға кітап оқуына мүмкіндік жасау, кітапқа деген қызығушылықты арттыру, кітапқа жанашырлық, жауапкершілік таныту. Балаларды жақсы ,көтеріңкі көңіл –күймен қарсы алу. Баламен бүгінгі көңіл-күйі туралы,оны не қызықтыратыны туралы әңгіме жүргізу, жеке пікір білдіруге баулау «Күй күмбірі» : «Детство» күйі Асылбек Енсепов Мақсаты: балалардың бойында музыканы тыңдауға қызығушылықтарын, музыканы эмоционады қабылдауды, түсінуді, қадірлей білуді қалыптастыру, ұлттық мәдениетке қызығушылықты арттыру.				
Ата-аналармен әңгімелессу, кеңес беру	Қауіпсіздік ережесі әлеуметтік эмоционалды дағдыларды қалыптастыру, балалармен бірге жол ережелері туралы мультфильмдер көруге кеңес беру, ұсыну Ата-аналармен балалардың денсаулығы, күнделікті үй-жайындағы күн тәртібін сақтау, тәрбие, баланың дамуы және оның жетістіктері туралы әңгімелесу, жыл мезгілдеріне арналған киім түрлері туралы кеңестер.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар,үстел -үсті ойындары,бейнелеу әрекеті,кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	«Менің Қазақстаным» Гимн орындау Мақсаты:рухани-патриоттық сезімге тәрбиелеу Ұлттық құндылықты қалыптастыру «Ұлттық ойын-ұлт қазынасы» «Бір тұтас тәрбие жоспары» « Бес тас» ойыны	«Ұлттық ойын-ұлт қазынасы» Ұлттық құндылықты қалыптастыру «Тоғыз құмалақ» ойыны «Бір тұтас тәрбие жоспары»	«Ұлттық ойын-ұлт қазынасы» Ұлттық құндылықты қалыптастыру «Асық ату» ойыны «Бір тұтас тәрбие жоспары»	«Ұлттық ойын-ұлт қазынасы» Ұлттық құндылықты қалыптастыру «Қамшы» ойыны «Бір тұтас тәрбие жоспары»	«Ұлттық ойын-ұлт қазынасы» Ұлттық құндылықты қалыптастыру «Ақ серек,көк серек» ойыны «Бір тұтас тәрбие жоспары»
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Жылулық сәті: Мектеп деген – білім кені, жыр кені, Мектеп деген — ғылымның ең үлкені. Мектеп деген – тәрбиеші адамға, Мектеп деген – даналардың мекені.	Жылулық сәті: Апам мені «Айым»-дейді, Мен мұнайсам,уайым жейді. Апам мені «Күнім»-дейді, Мен қуансам күлім -дейді.	Жылулық сәті: Қуанамыз күлеміз, Бар әлемде сүйеміз. Қол ұстасып, қуанып, Достарымен бір жүреміз.	Жылулық сәті: Бақыт толы шеңберге, Шаттық толы шеңберге, Қол ұстасып келдік біз, Жан достарымыз енді біз.	Жылулық сәті: Достар бері келіндер, Қолдарыңды беріндер. Шаттық толы шеңберге Қуанышпен еніндер.
Таңертенгеі жаттығу	Картотека №1				
Білім беру ұйымының кестесі бойынша	1.Сауат ашу негіздері Жазу кезінде арқаны дұрыс ұстау ережелерімен таныстыру. Жеміс-	1.Сөйлеуді дамыту Балалардың сөздік қорын тұрмыстық заттардың	1.Сауат ашу негіздері Жазу кезінде арқаны дұрыс ұстау	1.Сөйлеуді дамыту Балалардың сөздік қорын тұрмыстық заттардың	1.Сауат ашу негіздері Жазу кезінде арқаны дұрыс ұстау

ұйымдастырылған, іс-әрекет	жидектердің дайын суреттерінің сыртын шетке шығармай бастыру, бояу. Д/ойын: “Сөз және дыбыс” ойыны. Шарты “Сөзді айтады, дыбысты табады” Еркін ойын: Сөз ойла, тез ойла» Шарты: үстел үстіндегі заттардың атын атау. Д.О. «Бұлар нелер? Бір сөзбен ата» Мақсаты: Әртір карточкада бейнеленген суреттерді ортақ сөзбен атауға үйрету. Ойын барысы: Балаларға суреттер көрсету арқылы олардың атауларын және оларға қандай ортақ сөз айтуға болатынын айту. («коммуникативтік дағдыларды дамыту» б.д.о) 2.Математика негіздері. Жиынды сапасы бойынша әртүрлі элементтерден (дыбысын, қимылын) құру, жиындарды бөліктерге бөлу және оларды қайта біріктіру. Топтық жұмыс. 1-Бір-бірден берілген суреттерді, бөліктерді құрастырады. Педагог балалардан қандай сурет шыққандығы туралы сұрайды. 2-тапсырманы орындауды ұсынады: бір сыйлықты таңдаңдар. Онда не болуы мүмкін? Оны бояңдар. 3-тапсырманы орындайды – бір суретті таңдап, оны бояйды 3.Көркем әдебиет Балаларды қол жетімді көркем шығармалар мен фольклорға, театр әлеміне баулу, кітапқа деген қызығушылығын дамыту. Білімнің – бұлағың»	қасиеттері мен сапасын сипаттайтын сын есімдермен, адамдардың қарым-қатынасын, олардың еңбекке қатынасын білдіретін үстеулермен байыту. Ба-ба-ба – бала. Бо-бо-бо – бота Бө-бө-бө – бөрік. Табыл – дабыл. Бақа – бақбақ Бірге айтамыз. «Дос болайық бәріміз!» Дос болайық бәріміз, Жарасып тұр әніміз. Тыныштықты сақтаймыз, Атсын күліп таңымыз. Балаларды мадақтау. 2.Қоршаған ортамен танысу. Өзінің жасына сәйкес өмірінде болатын өзгерістерді, балабақшаға баруы, мектепке баруы. Үй-жайларда, балабақша ауласында, жақын маңдағы шағын ауданда еркін бағдарлай білу. Балаларға мектептің ішін аралатады. Сақтық шараларын сақтайды, тазалық құралдарын қолдана алады. Шаттық шеңбері. Мектеп деген – білім кені, жыр кені, Мектеп деген — ғылымның ең үлкені. Мектеп деген – тәрбиеші адамға, Мектеп деген – даналардың мекені. қане балалар қош келдіңдер. Орнымыздан тұрып бір-бірімізбен танысайық. Мектеп! Қандай тамаша сөз! Мектепте өзіңе дос табасың. Үлгілі, сыйлы болу, жақсы оқу –	ережелерімен таныстыру. Жеміс-жидектердің дайын суреттерінің сыртын шетке шығармай бастыру, бояу Дидактикалық ойын: «Сөз айт, тез айт» Ойын шарты: доппен орындалады. Балалар бір-біріне доп лақтырып, «А» дыбысынан басталатын сөздерді айтады. Педагог балаларға саусақ бұлшық еттерін дамыту жаттығуын жасатады. Басбармағым бастап берді, Саусақтарым ән сап берді, Шылдыр шүмек шылдырлады, Кіші бөбек былдырлады. («коммуникативтік дағдыларды дамыту» б.д.о) 2.Математика негіздері Жиынды сапасы бойынша әртүрлі элементтерден (дыбысын, қимылын) құру, жиындарды бөліктерге бөлу және оларды қайта біріктіру. Д/о: Балаларға мынадай жаттығуларды ұсынады: Көгөністерге, жемістерге, тәттілерге бөлуді ұсынады. Заттар тобын бір сөзбен атайды. «Қарбыз қандай топқа жатады?» деген сұраққа жауап беруге қиналады. «Көп» және	қасиеттері мен сапасын сипаттайтын сын есімдермен, адамдардың қарым-қатынасын, олардың еңбекке қатынасын білдіретін үстеулермен байыту. Ба-ба-ба – бала. Бо-бо-бо – бота Бө-бө-бө – бөрік. Табыл – дабыл. Бақа – бақбақ «П» дыбысының буын ішінде кездесетін сөздерге мысал келтіреді Па-па-па – парта. Жа-па-лақ – жал-пақ. Па-рақ – жа-пы-рақ Педагог балаларға «бала», «парта», «бақа», «бақбақ» сөздеріне сөйлем құратады 2.Қоршаған ортамен танысу. Өзінің жасына сәйкес өмірінде болатын өзгерістерді, балабақшаға баруы, мектепке баруы. Үй-жайларда, балабақша ауласында, жақын маңдағы шағын ауданда еркін бағдарлай білу. Д/ойын: Педагог жыл мезгілінің атауын атайды: «Күз». Содан соң жылдың әртүрлі мезгілдерінің өзіне тән белгілерін атап көрсетеді (құстар оңтүстікке ұшып кетеді; бәйшешектер гүлдейді; ағаштардың жапырағы сарғаяды; үлпілдеген ақ қар жауады). («Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды	ережелерімен таныстыру. Жеміс-жидектердің дайын суреттерінің сыртын шетке шығармай бастыру, бояу Д/ойын: “Бұл ненің дыбысы?” Шарты: Дыбысты анықтай алмаса, дыбысталған затты көрсетеді Д/ойын: “Сөз және дыбыс” ойыны. Шарты “Сөзді айтады, дыбысты табады” Еркін ойын: Сөз ойла, тез ойла» Шарты: үстел үстіндегі заттардың атын атау. («коммуникативтік дағдыларды дамыту» б.д.о) 2.Математика негіздері Жиынды сапасы бойынша әртүрлі элементтерден (дыбысын, қимылын) құру, жиындарды бөліктерге бөлу және оларды қайта біріктіру. Жиынды сапасы бойынша әртүрлі элементтерден (дыбысын, қимылын) құру, жиындарды бөліктерге бөлу және оларды қайта біріктіру. Топтық жұмыс. 1-Бір-бірден берілген суреттерді, бөліктерді құрастырады.
--	---	---	--	--	--

	Қанатым талмайды, Қиялым самғайды. Ақын да, ғалым да, Ұстазсыз болмайды. Мереке күніңмен, Құттықтап бүгін мен, Ойыма ой қосам, Сен берген біліммен. Д/ойын: «Ғажайып қоржын». Ойынның шарты: Ғажайып қоржынның ішінде бірнеше заттар, ойыншықтар, оқу құралдары бар. Сол заттардың ішінен ойыншықтарды бір бөлек, оқу құралдарын бір бөлек жинау керек және аттарын атайды. Балалар оқу құралдары мен ойыншықтарды ажыратып бөлек жинайды және аттарын атайды. 4.Дене шынықтыру Жүру. Сапта бір-бірден, екеуден, үшеуден жүру; аяқтың ұшымен, аяқтың ішкі және сыртқы қырымен жүру; тізені жоғары көтеріп жүру, белгі бойынша басқа бағытқа бұрылып жүру «Мұқият бол» ойын жаттығуы. 1,5 минут орташа қарқынмен жүгіру; қозғалысты белгі бойынша алмастыру – жүру, еңбектеу. Мұрынмен тыныс алуға көңіл бөлу, жүру қарқынын бұзбай ырғақпен адымдауларын қадағалау. Тыныс алу гимнастикасы (у-шу кешені). Қимыл-қозғалыс ойыны: «Бос орын» (5 рет). Балалар шеңбер бойына малдас құрып отырады. Жүргізуші шеңбер бойымен жүріп, бір ойыншының жанына келіп, оның жанына беторамалды тастайды да: «Бұл жер саған тар Өзіне орын тауып ал», – дейді.	әрбір мектеп оқушысының ең басты міндеті. Біздің мектептің аты: №3 Алға қазақ орта мектебі. Мектеп директоры: Т.О.Хайтбаев. Мектептің негізгі қаланған жылы 1965 жылы. Мектеп 3 қабаттан тұрады. Мектептің ішінде кітапхана, асхана. Акт зал, спорт зал жұмыс жасайды. Мектепте жүгіруге, баспалдақта ойнауға болмайды. Сергіту сәті. («Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды дамыту»б.д.о.) 3.Қазақ тілі Ауызекі сөйлеуді қарым-қатынас құралы ретінде дамыту. Балалардың қоршаған ортаға өзінің қарым-қатынасын білдіруге, ауызекі сөйлеуге ынталандыру. Дидактикалық ойын: «Танысу». Балалар аттарын айтып, қуыршақпен танысады. – Сенің атың кім? – Менің атым – Рома. – Менің атым – Вика. – Менің атым – Арлан Дидактикалық ойын: «Тында, көрсет, қайтала». (Балалардың есте сақтау қабілеттерін жетілдіру, тілдерін дамыту, кима суреттермен жұмыс). – Мынау кім? – Мынау – қыз. – Қыз қайда келді? – Қыз мектепке келді 4.Музыка Музыканың және оның бөліктерінің сипатындағы өзгерістерге сәйкес қимылдарды өзгерте отырып, жаттығуларды орындауға үйрету: Ән айту: «Білімің – бұлағың»	«бірнеше»терминдерін қолданады. Саны бойынша салыстырады: жемістер көп, ал қарбыз біреу. Көгөністер көп, ал қарбыз біреу және т.с.с 3.Көркем әдебиет Балаларды қол жетімді көркем шығармалар мен фольклорға, театр әлеміне баулу, кітапқа деген қызығушылығын дамыту. Дидактикалық ойын: «Кімде не бар?» Ойын шарты: Бір бала қолына жасырған затты сипаттайды. Сипатталған затты қалған балалар табу керек. Педагог: Балалар, сендер дүкенге барғанда әртүрлі заттарды, жаңа айтқан жемістер мен көгөністерді көресіндер. Сол заттарды сатып алуға болады. Ал сатып ала алмайтын заттар да бар екен. Сендер дәптермен жұмыс жасағанда көресіндер 4.Дене шынықтыру Жүру. Сапта бір-бірден, екеуден, үшеуден жүру; аяқтың ұшымен, аяқтың ішкі және сыртқы қырымен жүру; тізені жоғары көтеріп жүру, белгі бойынша басқа бағытқа бұрылып жүру - біріне домалату. Қ/О: «Доптар	дамыту»б.д.о.) 3.Қазақ тілі Ауызекі сөйлеуді қарым-қатынас құралы ретінде дамыту. Балалардың қоршаған ортаға өзінің қарым-қатынасын білдіруге, ауызекі сөйлеуге ынталандыру. Сөздік ойын: «Жалғасын тап». Суреттерді көрсетеді, суретке байланысты заттың атын атайды, сол сөзге сөзді байланыстырып жалғап, сөйлем құрайды. Мектеп (әдемі, жарық, таза) Біздің ... (топ) Біздің топта... (ойыншықтар көп) Біздің топта.... (үстелдер, орындықтар, кереуеттер) бар. Табиғат бұрышында .. (гүлдер) бар. 4.Музыка Музыканың және оның бөліктерінің сипатындағы өзгерістерге сәйкес қимылдарды өзгерте отырып, жаттығуларды орындауға үйрету: Музыка тындау: «Гүлдерайым» қазақтың халық әні (өңдеген Т. Қоңыратбай). Ән айту: «До-ре-ми» (Ө. Байділдаев), «Білімің – бұлағың» (Т. Қоңыратбай) Музыкалық-ырғақтық қимылдар: «Марш» (В. Дешевов) Билер:	Педагог балалардан қандай сурет шыққандығы туралы сұрайды. 2-тапсырманы орындауды ұсынады: бір сыйлықты тандандар. Онда не болуы мүмкін? Оны бояндар. 3-тапсырманы орындайды – бір суретті таңдап, оны бояйды 3.Жапсыру мақсаты: балалар мектептің сыртқы пішінін елестете алады; қайшымен, желіммен жұмыс жасау барысында қауіпсіздікті сақтай алады. Д/о: «Менің мектебім катпарланып бүктелген қағаздан симметриялық пішіндерді кию Педагог: түсіндіру, әңгімелесу, ашық сұрақтар Қ/ ойын: «Менің көңіл-күйім» /жеке жұмыс/ (шығармашылық дағдыларын,зерттеу іс-әрекетін дамыту» б.о.к) 4.Дене шынықтыру Жүру. Сапта бір-бірден, екеуден, үшеуден жүру; аяқтың ұшымен, аяқтың ішкі және сыртқы қырымен
--	--	---	--	--	---

	Ойыншы беторамалды алады да, жүргізушіні қуады. Ал жүргізуші оның орнына жылдам барып отырып алуға тырысады. Орынсыз қалған ойыншы жүргізуші болады («Физикалық қасиеттерді дамыту»б.о.к.)	(Т. Қоңыратбай) Музыкалық-ырғақтық қимылдар: «Қояндар», «Аю», «Түлкі», «Қасқыр» (Т. Ломова) Билер: «Жұптасу биі» (чех халық әуені) Ойындар. (шығармашылық дағдыларын,зерттеу іс-әрекетін дамыту» б.о.к)	эстафетасы» Мақсаты: бастапқы қалыпта тұрып допты бір-біріне беру. («Физикалық қасиеттерді дамыту»б.о.к.)	«Жұптасу биі» (чех халық әуені) Ойындар («Дидактикалық ойындар» жинағынан) (шығармашылық дағдыларын,зерттеу іс-әрекетін дамыту» б.о.к)	жүру; тізені жоғары көтеріп жүру, белгі бойынша басқа бағытқа бұрылып жүру Қимыл-қозғалыс ойыны: «Біз көңілді балалармыз» Мақсаты: Балалардың қозғалыс белсенділігін, ойын тәртібін орындай білуін дамыту. Балаларды мадақтау. («Физикалық қасиеттерді дамыту»б.о.к.)
Балалармен жеке жұмыс	Қыркүйек айы балалардың біліміне бақылау жүргізіледі				
Серуен	Серуен №1 «Күнді бақылау»	Серуен №2 «Ағаштарды бақылау»	Серуен №3 Күзгі аспанды, бұлтты бақылау	Серуен №4 «Аула тазалаушыны бақылау»	Серуен №5 «Күзгі желді бақылау»
Балалардың үйге қайтуы	«Өнегелі 15минут» Ата-аналардың баласымен мінез-құлық және адамгершілік туралы әңгімелесу	«Өнегелі 15минут» Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.	«Өнегелі 15минут» - үйдегі жағдайда баланың өзіне - өзі қызмет етудің алғы шарттарына үйрете беріңіз: жуыну, қолын сүрту, шешіну, өз бетімен тамақтану, тамақ ішкенде қасықты пайдалану, горшокқа сұрану. Киімдері міндетті түрде өзіне ыңғайлы болуы шарт: шалбар не болмаса шорты замоксыз, белдеушесіз.	«Өнегелі 15минут» Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.	«Өнегелі 15минут» - баламен жағымды эмоционалдық жағдайлар жасау қажет, ол көбіне ата – ана жағынан болуы қажет, мектеп туралы, оның өзіне керектігін түсіндіріп балаңызды сүйіп, аймалап, жиі оған өз мейіріміңізді көрсетіңіз. Балаңыздың көзінше мектеп туралы өзіңізді толғандыратын мәселені айтудан аулақ болыңыз.

Тәрбиелеу -білім беру процесінің циклограммасы
Білім беру ұйымы: №3 Алға қазақ орта мектебі
Жоспардың құрылу кезеңі : 16.09-20.09.2024 жыл
Топ /сынып: 0 «А»

Балалардың жасы : 5 жас

Жетекшісі: Онешбаева П.К

Күн тәртібі	Дүйсенбі	Сейсенб	Сәрсенб	Бейсенбі	Жұма
Бір тұтас тәрбие» бағдарламасы аясында 1. « Еңбекқорлық және кәсіби біліктілік » айы «Апта дәйексөздері» - «Ақырын жүріп анық бас, еңбегің кетпес далаға!" Абай Құнанбайұлы					
Балаларды қабылдау	Өнегелі-15 минут балалардың ересектермен емін-еркін қарым-қатынас жасау дағдыларын қалыптастыру мобильді кітапханада жұмыс, ата-ананың балаға кітап оқуына мүмкіндік жасау, кітапқа деген қызығушылықты арттыру, кітапқа жанашырлық, жауапкершілік таныту. Күй күмбірі -балаларды қабылдау барысында үнемі күй қою, шығармашылық зерттеу іс әрекет дағдыларын дамыту, музыканы тыңдауға қызығушылықты қалыптастыру, музыканы эмоционалды көңіл-күймен қабылдау, ұлттық мәдениетті түсінуге, құрметтеуге, қызығушылғын артыру. «Күй күмбірі» «Көңіл толқыны» С.Тұрысбек Мақсаты: балалардың бойында музыканы тыңдауға қызығушылықтарын, музыканы эмоционады қабылдауды, түсінуді, қадірлей білуді қалыптастыру, ұлттық мәдениетке қызығушылықты арттыру Бір тұтас тәрбие.				
Ата-аналармен әңгімелессу, кеңес беру	Қауіпсіздік ережесі әлеуметтік эмоционалды дағдыларды қалыптастыру, балалармен бірге жол ережелері туралы мультфильмдер көруге кеңес беру, ұсыну Ата-аналармен балалардың денсаулығы, күнделікті үй-жайындағы күн тәртібін сақтау, тәрбие, баланың дамуы және оның жетістіктері туралы әңгімелесу, жыл мезгілдеріне арналған киім түрлері туралы кеңестер.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел -үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	«Менің Қазақстаным» Өн ұран орындау Мақсаты: рухани-патриоттық сезімге тәрбиелеу Ұлттық құндылықты қалыптастыру «Ұлттық ойын-ұлт қазынасы» «Бір тұтас тәрбие жоспары» « Бес тас» ойыны	«Ұлттық ойын-ұлт қазынасы» Ұлттық құндылықты қалыптастыру «Тоғыз құмалақ» ойыны «Бір тұтас тәрбие жоспары»	«Ұлттық ойын-ұлт қазынасы» Ұлттық құндылықты қалыптастыру «Асық ату» ойыны «Бір тұтас тәрбие жоспары»	«Ұлттық ойын-ұлт қазынасы» Ұлттық құндылықты қалыптастыру «Қамшы» ойыны «Бір тұтас тәрбие жоспары»	«Ұлттық ойын-ұлт қазынасы» Ұлттық құндылықты қалыптастыру «Ақ серек, көк серек» ойыны «Бір тұтас тәрбие жоспары»
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	«Отбасы» тақырыбында иллюстрациялық суреттерді қарастыру. (танымдық іс-әрекет, шығармашылық іс-әрекет, қарым-қатынас іс-	Отбасы туралы мнемотехника бойынша тақпақ жаттау. (танымдық іс-әрекет, шығармашылық іс-әрекет)	Отбасы туралы мақал-мәтелдер жаттау. (қазақ тілі, танымдық іс-әрекет)	"Менің отбасым" тақырыбында отбасы мүшелеріне байланысты жұмбақтар жасыру. Суреттер бойынша	"Отбасындағы сыйластық" тақырыбында балаларға сұрақтар қою және сұрақтарға толық жауапты талап ету. (танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті,

	әрекеті)			әңгімелеу. (танымдық іс-әрекет, шығармашылық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)	қарым-қатынас іс-әрекеті)
Танертенгеі жаттығу	Менің Қазақстаным таңғы жаттығудан соң күнделікті қою, Гимнді жаттауға мүмкіндік жасау, патриоттық сезімдерін арттыру Картотека №3				
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған, іс-әрекет	1.Сауат ашу негіздері Сауат ашудың алғышарттарын қалыптастыру арқылы қолды жазуға дайындау; ересектермен және балалармен еркін қарым-қатынас жасау дағдыларын жетілдіру; Педагог балаларға ыммен «отырындар», «сөйлемдер», «тынышталындар», – деп белгі береді. Ыммен – сөйлемей ишарамен түсіндіру – Міне, балалар, көрдіңдер ме, сөзсіз өмір сүру қандай қиын, ал біз бәріміз өз ойымызды сөз арқылы айта аламыз. – Балалар, қазір мен бір сөз айтамын. Мысалы: «сиыр», енді сендер бір сөзден айтыңдар. Ал шатасып кетпес үшін мына стақанға әр сөз айтылған соң бір қарындаштан салып отырайық. Мен «сиыр» сөзін айттым, бір қарындаш салайын. Тағы да кім сөз айтады? Ең соңында қарындаштарды санап, педагог қорытынды жасайды. – Міне, біз қандай көп сөз білеміз, айта берсек әлі де көп. – Сендер байқадыңдар ма, кейбір сөз ұзақ дыбысталса, енді бір сөз қысқа дыбысталады. Сол себепті сөздер ұзын және қысқа болады. Мына екі сөзді тыңдаңдар: үй және кітапхана. Осы сөздердің қайсысы ұзақ, ал қайсысы қысқа айтылады? – Біз ол сөзді өлшеп көрсетейік: 2 қолдың алақандарын біріктіріңдер. Сөзді дыбыстай бастаған кезде алақандарыңды	1.Сөйлеуді дамыту Ана тіліндегі дауысты және айтылуы және дыбысталуы ұқсас дауыссыз б- п, дыбыстарды дұрыс, анық айтуды үйрету.. Ұнтаспадан Б.Самедиевананың орындауында «Достар, достар» әні тыңдатылады Педагог балаларға «Адал дос» деген әңгіме оқып береді Міне, балалар, мақал-мәтелдердің өзінде досқа деген сенім жайлы айтылған. Достыққа адал адам, сертіне де адал болады. Дидактикалық ойын: «Бір сөзбен ата». Ойын шарты: педагог қолындағы допты лақтырып көп сөз айтады, допты қағып алған бала сол сөздердің жалпылама , баламасын айтады. Мысалы: әке, ана , аға,тәте – отбасы. Кесе, шәйнек, шанышқы, қасық – ... Қасқыр, түлкі, жолбарыс – ... Қызыл, сары, жасыл, көк 2.Қоршаған ортамен танысу. Үй-жайларда, балабақша ауласында, жақын маңдағы шағын ауданда еркін бағдарлай білу. Ата-ана еңбегін түсіну, адамдардың еңбектеріндегі өзара байланыстарды байқау. «Қандай мамандық иесі?» ойыны. Балалар бұл сөздерді қандай мамандық иесі айтуы мүмкін екенін анықтайды	1.Сауат ашу негіздері Сауат ашудың алғышарттарын қалыптастыру арқылы қолды жазуға дайындау; ересектермен және балалармен еркін қарым-қатынас жасау дағдыларын жетілдіру; -Балалар өткен тақырыпты естеріңе түсіндіріңдерші? – Не жайлы айттық? Педагог: Дыбыс айтылуына қарай әртүрлі болып естіледі. Дидактикалық ойын: «Ненің дыбысы?» Ойын шарты: Педагог ұнтаспадан әртүрлі көлік түрлерінің табиғат құбылыстарының, жан-жануар, жәндіктердің дыбыстарын естіртеді. Балалар ненің дыбысы екенін табу керек Дидактикалық ойын: «Сөз айт, тез айт» Ойын шарты: доппен орындалады. Балалар бір-біріне доп лақтырып, «А» дыбысынан басталатын сөздерді айтады 2.Математика негіздері Бір» және «көп» («бірнеше») терминдерін енгізу; 1 және 2 сандарын санату Сиқырлы паровозбен саяхат жасауды ұсынады.	1.Сөйлеуді дамыту Суретке қарап әңгіме құрауды үйрету, баланың, сөздік қорын байыту. Бала бойындағы досына деген сенімділігін дамыту -Балалар, «Дос» деген сөз жай айтыла салмаған сөз екен. Дос болудың да үлкен жауапкершілігі бар екенін түсінулерің қажет. Досыңа адал болсаң, досың саған да адал болады. -Досыңа қандай сыйлық бересің суретін сал 2.Қоршаған ортамен танысу. - Балалардың нанның дастарқанға келу жолы туралы түсініктерін жетілдіру. Нанға, оны өсіріп, пісіретін адамдардың еңбегіне құрметпен қарауға үйрету «Тұқым» ойыны: педагог музыка қосады, балаларға өздерін жерге себілген кішкентай тұқым ретінде сезінуді ұсынады. Кішкентай тұқым қараңғы, ызғар, жұмсақ жерде жатыр. Күн бойын жылытқандай болды, жаңбыр жауды.	1.Сауат ашу негіздері Сөйлем туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру (грамматикалық анықтамасыз), сөйлем сөздерден тұратынын түсіну. «Кім көп біледі?» ойынын ойнату. Ойлаған сөздерінді буынға бөлейік. – Әр буында бір дауысты дыбыс болады. Дауысты дыбыстарды қызыл түспен, ал дауыссыз дыбыстарды көк түспен белгілейміз (балаларға көрсету) Дидактикалық ойын: «Күн мен түнді» ажырат. Ойын шарты: Педагог қай сөзде «Т» дыбыс бар Күндіз аспанда не бар болатынын, түнде аспанда не бар болатынын түсіндіреді. Сурет қималарымен ажыратып көрсетеді 2.Математика негіздері. Заттарды санай алуға;сандардың айтылу реттілігін үйрету. Заттардың қасиетін,белгісін айқындау және оларды топтастыруды үйрету Екі-екіден көрсетілген заттарды іздейік. Сендерде неше қол, аяқ, көз және құлақ бар?

	аша бастайсындар. Ал дыбыстап болысымен, сол сәтте тоқтай қалындар (Бұл жаттығу 2–3 баламен жекелеп жүргізіледі, 6–8 сөз айтылады). Математика негіздері -Нүктелерді,өрнектерді салуға, тік және көлбеу таяқшаларды, қисық және қиғаш сызықтарды дәптердің тор көзінде сызуға үйрету. Д/о: Анамызға себеттегі заттарды топтарға бөлуге көмектесейік. Барлығымыз бірге орындаймыз. Сендер қандай нұсқаларды ұсынасындар? Балаларға жиындарды кіші топтарға бөлуге көмектеседі: көгөністер, жемістер, тәттілер, қарбыз. Бізде қанша жеміс бар? Олардың көп немесе бірнеше екенін айта аламыз ба? Қанша көгөніс (тәттілер) бар? Көгөністерге, жемістерге, тәттілерге бөлуді ұсынады. Заттар тобын бір сөзбен атайды Көгөністерге, жемістерге, тәттілерге бөлуді ұсынады. Заттар тобын бір сөзбен атайды . Саны бойынша салыстырады: жемістер көп, ал қарбыз біреу. Көгөністер көп, ал қарбыз біреу Ұсақ қол моторикасына арналған сергіту сәті 1.«Қоян» – бала жұдырығын түйеді. Одан кейін сұқ саусағы мен ортаңғы саусағын шошайтады. «Қоян» құлақтарын созып тұр. 2.«Сақина» – бала жұдырығын түйеді. Одан кейін бас бармағы мен сұқ	Сіздің кекіліңізді қысқа қию керек пе?... (шаштараз) Балалар, кітаптың бетін ашындар ... (мұғалім) Рульді оңға бұрайын... (жүргізуші) Сурет салуға қылқаламдар дайындады...(суретші) Сізге емделу үшін дәрілер жазып берейін... (дәрігер) Қанша килограмм кәмпит өлшейін?... (сатушы) Сізге қандай көйлек тігу керек?.. (тігінші) Балалар, сендер үлкен болып өскенде әрқайсысың бір мамандықты таңдайсындар. Сендер өздеріңнің болашақтарыңды қалай қиялдайсындар? Сенің қиялыңдағы болашақ мамандық қандай болуы мүмкін? Балалар өздерінің кім болғысы келетіндігі туралы әңгімелеп, қиялындағы әлемде ол таңдаған мамандықтың қалай өзгеретіндігі туралы ойларын ортаға салады 3.Қазақ тілі Ауызекі сөйлеуді қарым-қатынас құралы ретінде дамыту. Балалардың қоршаған ортаға өзінің қарым-қатынасын білдіруге, ауызекі сөйлеуге ынталандыру. Сөздік ойын: «Жалғасын тап». Суреттерді көрсетеді, суретке байланысты заттың атын атайды, сол сөзге сөзді байланыстырып жалғап, сөйлем құрайды. Мектеп ... (әдемі, жарық, таза). Таңертең жаттығу ... (жасаймыз). Музыка залында ... (ән айтамыз, би билейміз). Серуенге шығып ... (ойнаймыз,	(«Паровоз және вагондар» кестесі). Суретте неше паровоз бар? (Біреу). Вагондарға ондағы терезе санына сәйкес әртүрлі ертегілердің кейіпкерлері отырғызылады (педагогтің қалауы бойынша іріктеледі). Педагог тактаға бір паровоз бен бірнеше вагонды (3-тен 5-ке дейін) бекітеді. Ойынға қосылады. Әрбір вагонда 2 кейіпкерден болуы мүмкін екенін айқындайды. Оларды іріктеп отырғызады Паровозға неше вагон тіркедік? Әрқайсысын көрсете отырып, балалармен бірге дауыстап санайды. Одан кейін ұсынады: Терезелерді санаймыз: бір, екі. Келесі вагонда: бір, екі және т.с.с. Вагондардың әрқайсысында 2 терезе немесе терезелер жұбы бар 2.Көркем әдебиет - Шығарма мазмұнын сюжеттің бірізділігін сақтай отырып, эмоциямен, қисынды қайталап айтып беру -. Суретте жылдың қай мезгілі бейнеленген? -Балалар қайда жүр? -Олар не істеп жатыр? Суреттегі жемістер мен көгөністерді ата. 2. Сәйкес суреттерді сызып қос. Қай сурет	Содан соң тұқым ісініп, жарылды. Ішінен құлақтанып кішкентай өскін шықты (балалар қолдарын жоғары көтереді). Сабақ жерді жарып шығып, күнге қарай талпынып өсе бастады(балалар орындарынан тұрады). Жел ары-бері шайқады. Сонда да өсе берді. Біраз уақыт өтіп, ол сабаққа айналды. Қара бидай тұқымынан шыққан сабақ қандай болады? (Қара бидай сабағы). Бидай тұқымынан шыққан сабақ қандай болады? (Бидай сабағы) Сұлы тұқымынан шыққан сабақ қандай болады? (Сұлы.) Сабақтың өсіп, дамуына не қажет? (Күн, жаңбыр және адам қолдары.) «Тағы кім?» ойынан ойнауға шақырады.Тізбекті әрі қарай жалғастырады: наубайшы нан пісіреді, тағы кім пісіреді? (Ана, әже, әпке). 3.Қазақ тілі Мамандық иелерін құрметтеуге баулу Дидактикалық ойын: «Тыңда, көрсет, қайтала». Балаларға мектеп қызметкерлерінің суретін көрсету. – Бұл кім? – Бұл – тәрбиеші. – Аты кім? -Айман	«Екі» сөзінің «жұп» дегенді білдіретінімен таныстырады. Қолғаптар жұбы, шұлықтар жұбы. Бір-бірден көрсетілген заттарды атандар Не туралы бір деп айтуға болады? Не туралы екі (немесе жұп) деп айтуға болады? Д/ ойын «Жұбын тап» 3. Шығармашылық мүсіндеу әрекеті мақсаты: Себеттің қажеттілігі туралы түсінік беру. Ермексазды бірнеше бөлікке бөледі, есу тәсілі арқылы затты құрастырады мүсіндеуді үйренеді. К/ойын «Себетке тез жина» Ойын барысы: Жемістер мен көкөністерді тез себетке ажыратып жинау. 4.Дене шынықтыру -«Өкшемен отырып» бастапқы қалпымен көлбеу қойылған нысанаға ұсақ заттарды (тастарды) лақтыру дағдыларын, асық ойнау шеберліктерін арттыру «Секір-секір» (татар халқының ойыны) (4 рет) Әртүрлі бағытта бір аяқпен секіру. Шеңберді айналдыра құрсауларды тастайды. Балалар осы құрсау ішінде тұрады. Жүргізуші шеңбердің ортасында
--	---	---	---	---	--

	саусағын түзетіп, бір-бірімен түйістіреді. 3.«Саусақтардың амандасуы» – саусақтарын түзу ұстап, алақандарын бір-біріне қарама-қарсы ұстайды 3.Көркем әдебиет Балаларды қол жетімді көркем шығармалар мен фольклорға, театр әлеміне баулу, кітапқа деген қызығушылығын дамыту. Дидактикалық ойын: «Дәмін тат». Ойынның шарты: Ойынға қатысушылардың көзін кезекпен байлап, кесілген дайын жемісті аузына салады. Бала дәмі бойынша қандай жеміс екенін табадықалай аяқталды 4.Дене шынықтыру. Мақсаты: Сапта бір-бірден, екеуден, үшеуден жүру; аяқтың ұшымен, аяқтың ішкі және сыртқы қырымен жүру; тізені жоғары көтеріп жүру, белгі бойынша басқа бағытқа бұрылып жүру, Нұсқау: тізені жоғары көтеріп, іші толтырылған доптарды аттап өту. Екі тізбекке тұрады. Бастарын түсірмей, дене бітімдерін түзу ұстап жүреді. Орындықтан түсерде, алдымен жерді аяғының ұшымен басып, сонан соң бүкіл табанын жерге қояды. <u>Қауіпсіздік техникасы</u> қажет кезде көмек беру, толтырылған доптарды балалардан бір адым қарақашықтыққа қою. Қимыл-қозғалыс ойыны: №2	демаламыз. 4.Музыка. Музыкаға қызығушылық пен сүйіспеншілікті қалыптастыру. Классикалық, халықтық және заманауи музыкамен таныстыру негізінде музыка мәдениетін қалыптастыру. Музыка тыңдау: «Гүлдерайым» қазақтың халық әні (өңдеген Т. Қоңыратбай). Ән айту: «До-ре-ми» (Ө. Байділдаев), «Білімнің – бұлағың» (Т. Қоңыратбай) Музыкалық-ырғақтық қимылдар: «Марш» (В. Дешевов) Билер: «Жұптасу биі» (чех халық әуені) Ойындар, хороводтар: «Сиқырлы ағаш» («Дидактикалық ойындар» жинағынан)	тақырыпқа сай келеді? 3. Мақалды жаттап ал. Еңбекпенен тапқаның – Шекер-балдан татқаның 3.Дене шынықтыру Допты бастан асыра бір-біріне лақтырып, оны екі қолмен қағып алуды үйрету Допты бір-біріне екі қолмен бастарынан асыра лақтыру. Екі тізбекке, сапқа бөлініп тұрады (арақашытығы – 2 метр) (10 рет). Допты тура қолға лақтырып беруге тырысады. Лақтыру бағытын бұзбауға тырысады. Допты ширақ лақтырады. Қимыл-қозғалыс ойыны: «Жүгіру» (3 рет). Шеңберге тұрып, балалардың ішінен санамақ арқылы қуалайтын баланы таңдайды. Белгі бойынша орындықтың үстіне қашып шығады. Бір орыннан екінші орынға қашып жүреді. Сайланған бала оларды ұстауға тырысады	Төлеутайқызы. \ – Дұрыс Осылайша мектепте жұмыс істейтін музыка жетекшісі, жаттықтырушы және аспаздың аты-жөндері айтады. 4.Музыка Музыка сипатын ырғақты жүріспен, музыканың ширақ сипатын жеңіл, ырғақты жүгіріспен беру Музыка тыңдау: «Вальс» (Қ. Шілдебаев), «Полька» (М. Красев), «Қамажай» халық әуені (өңдеген Н. Меңдіғалиев) Ән айту: «Мен өнерлі баламын» (М. Омаров) «До-ре-ми» (Ө. Байділдаев) Музыкалық-ырғақтық қимылдар: «Биімді қайтала» (үнтаспада, педагогтің таңдауымен) Билер: «Жұптасу биі» (чех халық әуені) Ойындар, хороводтар: «Ән салған кім?» (А. Райымқұлова) Музыкалық аспапта ойнау: «Еркем-ай» қазақтың халық әні (өңдеген Б. Дәлденбай)	тұрады. Жүргізуші: «Секір-секір!» дегенде, ойыншылар секіріп, орындарын ауыстырады. Осы кезде жүргізуші бір аяғымен секіріп, бос орынға тұрып алуға тырысады. Орынсыз қалған бала жүргізуші болады. Бірде-бір рет жүргізуші болмаған бала жеңімпаз саналады. Қимыл-қозғалыс ойыны: «Орамалды шығар» (Дағыстан халқының ойыны) Ойыншылар екі топқа бөлініп, бір-бірлеріне қарама-қарсы тұрады. Араларына сызық сызылады. Әр баланың артында – белдіктерінде орамал тығулы тұрады. Балалар алдыға жылжиды. Жүргізуші: «От!» дегенде, бірінші топтың балалары қашады, екінші топтың балалары оларды қуып, орамалдарын шығарып алуға тырысады. Келесі жолы екінші топ балалары оларды қуады.
Балалармен жеке жұмыс	ертегі желісін ретімен мазмұндауды және орындауды	құрылыс бөлшектерін ажыратуды және атауды, оларды	әңгімелерді тыңдауды, мазмұндап бере	Спорттық ойындардың элементтерін орындауды	орыс тілінде 5-ке дейін тура және кері санауды

	игерту.	құрылымдық қасиеттерін ескере отырып пайдалануды меңгерту.	алуды,өлеңдерді жатқа айтуды меңгерту.	игерту.	үйрету.
Серуен	Серуен №1 «Күнді бақылау»	Серуен №2 «Ағаштарды бақылау»	Серуен №3 Күзгі аспанды, бұлтты бақылау	Серуен №4 «Аула тазалаушыны бақылау	Серуен №5 «Күзгі желді бақылау»
Өнегелі-15 минут Ата аналармен балалардың бүгінгі іс-әрекеттері туралы әңгімелесу. Ата-аналармен балалардың тазалықтары жайлы әңгімелесу. Балалардың тәрбиешіден сұранып үйге қайтуы. Сәтті демалыс күндерін тілеп, балаларды шығарып салу.					
Балалардың үйге қайтуы	Балалардың жетістіктері туралы айту, бала тәрбиесі мен дамуы туралы ата-аналардың сұрақтарына жауап , кеңес түрлерін беру.				

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы
Білім беру ұйымы: №3 Алға қазақ орта мектебі
Жоспардың құрылу кезеңі : 2024 жыл қыркүйек айы, IV- апта (23-27 аралығы)

Балалардың жасы : 5 жас		Топ /сынып: 0 «А»		Жетекшісі: Онешбаева П.К	
Күн тәртібі	Дүйсенбі	Сейсенб	Сәрсенб	Бейсенбі	Жұма
Бір тұтас тәрбие» бағдарламасы аясында 1. « Еңбекқорлық және кәсіби біліктілік » айы «Апта дәйексөздері»- «Еңбек - жай ғана қызмет емес, адам болмысының айнасы.»					
Балаларды қабылдау	Өнегелі-15 минут балалардың ересектермен емін-еркін қарым-қатынас жасау дағдыларын қалыптастыру мобильді кітапханада жұмыс, ата-ананың балаға кітап оқуына мүмкіндік жасау, кітапқа деген қызығушылықты арттыру, кітапқа жанашырлық, жауапкершілік таныту. Күй күмбірі -балаларды қабылдау барысында үнемі күй қою, шығармашылық зерттеу іс әрекет дағдыларын дамыту, музыканы тыңдауға қызығушылықты қалыптастыру, музыканы эмоционалды көңіл-күймен қабылдау, ұлттық мәдениетті түсінуге, құрметтеуге, қызығушылығын артыру Бір тұтас тәрбие				
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Қауіпсіздік ережесі әлеуметтік эмоционалды дағдыларды қалыптастыру, балалармен бірге жол ережелері туралы мультфильмдер көруге кеңес беру, ұсыну Ата-аналармен балалардың денсаулығы, күнделікті үй-жайындағы күн тәртібін сақтау, тәрбие, баланың дамуы және оның жетістіктері туралы әңгімелесу, жыл мезгілдеріне арналған киім түрлері туралы кеңестер.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар,үстел -үсті ойындары,бейнелеу әрекеті,кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Д/о: «Біреу және көп» Мақсаты:«Біреу және көп» ұғымын ажырата алуға үйрету.	"Пішіндер неге ұқсайды" Мақсаты: пішіндерді қандай заттарға ұқсастығын табу.	«Кітап бұрышына саяхат» Мақсаты: балаларды түрлі тақырыптағы көркем шығармалармен таныстыру.	«Кел, ойнайық!» Мақсаты: Қатты дауысты пайдалана білуді шынықтыру	«Қатты – ақырын» Мақсаты: Дауыс күшін алмастыра білуге үйрету: біресе қатты, біресе жай.
Таңертенгі жаттығу	Менің Қазақстаным таңғы жаттығудан соң күнделікті қою, Әнұранды жаттауға мүмкіндік жасау, патриоттық сезімдерін арттыру. Картотека №4				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	(Танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекет) Ойын: Айырмашылығын тап Мақсаты: математикалық, конструктивтік ойлау дағдыларын, танымдық, интеллектуалдық қабілеттерін дамыту	(Қарым-қатынас іс-әрекеті) Еңбегі адал жас өрен, Ы.Алтынсарин Әке мен бала шығармсын әңгімелу Мақсаты: шығарманы есте сақтауға, шығарма мазмұнын дұрыс қабылдауға дағдыландыру, ата-анамен баланың қарым қатынасын нығайту	(Танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекет) Ойын: Әмиян, Дүкен Мақсаты: есте сақтау қиялдауды, қолдың ұсақ моторикасын дамыту	(Қарым-қатынас іс-әрекеті) «Балалар кітапханасы»- жобасы «Мақта қыз бен мысық сахналық қойылым Балаларды қол жетімді көркем шығармалар мен театр әлеміне баулу	(Қарым-қатынас іс-әрекеті) Еңбегі адал жас өрен: үй жануарлары мен үй өсімдіктеріне күтім жасау
Білім беру	1.Сауат ашу негіздері.	1.Сөйлеуді дамыту.	1.Сауат ашу негіздері.	1.Сөйлеуді дамыту.	1.Сауат ашу негіздері.

ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған, іс-әрекет	Сауат ашудың алғышарттарын қалыптастыру арқылы қолды жазуға дайындау; ересектермен және балалармен еркін қарым-қатынас жасау дағдыларын жетілдіру; Дидактикалық ойын: Д/ойыны: «Затты сипатта» Әртүрлі жемістер немесе көгөністердің суреттері, муляждары салынған ыдыстан бала бір затты алады. Сол затты жан-жақты сипаттайды, заттың атын атайды, буынға бөледі. Мысалы: бала ыдыстан алманы алып шығады, оның пішінін, түсін, дәмін және тағы басқа қасиеттерін айтады. Ойынның тағы бір нұсқасында баланың көзін байлап қойып, қоржыннан бір затты алғызады. Ол оны сипалап, не екенін ажыратады да оны сөзбен сипаттайды, атын атайды. -Педагог балаларға саусақ бұлшық еттерін дамыту жаттығуын жасатады. Басбармағым бастап берді, Саусақтарым ән сап берді, Шылдыр шүмек шылдырлады, Кіші бөбек былдырлады. 2.Математика негіздері. Нүктелерді, өрнектерді салуға, тік және көлбеу таяқшаларды, қисық және қиғаш сызықтарды дәптердің тор көзінде сызуға үйрету.	Ана тіліндегі дауысты және айтылуы және дыбысталуы ұқсас дауыссыз б- п, дыбыстарды дұрыс, анық айтуды үйрету.. Дидактикалық ойын: «Жасырынған ойыншықты тап». Ойын шарты: балалар тығылған ойыншықтарды тауып, неден жасалғанын, қайда қолданылатынын түсін айтып береді 2.Қоршаған ортамен танысу. Ата-ана еңбегін түсіну, адамдардың еңбектеріндегі өзара байланыстарды байқау. «Қандай мамандық иесі?» ойыны. Балалар бұл сөздерді қандай мамандық иесі айтуы мүмкін екенін анықтайды Сіздің кекіліңізді қысқа қию керек пе?... (шаштараз) Балалар, кітаптың бетін ашыңдар ... (мұғалім) Рульді оңға бұрайын... (жүргізуші) Сурет салуға қылқаламдар дайындадым...(суретші) Сізге емделу үшін дәрілер жазып берейін... (дәрігер) Қанша килограмм кәмпит өлшейін?... (сатушы) Сізге қандай көйлек тігу керек?... (тігінші) Балалар, сендер үлкен болып өскенде әрқайсысың бір мамандықты таңдайсыңдар. Сендер өздеріңнің болашақтарыңды қалай қиялдайсыңдар? Сенің қиялыңдағы болашақ мамандық	Жазу кезінде арқаны дұрыс ұстау ережелерімен таныстыру. Жазу парағында бағдарлай білу, жазу жолы мен жоларалық кеңістікті ажырата білуге үйрету. Д/ойын «Суретті дұрыс тап» Мақсаты. - суреттегі заттардың атын табу Дидактикалық ойын: «Сөз айт, тез айт» Ойын шарты: доппен орындалады. Балалар бір-біріне доп лақтырып, суреттегі заттардың атын атап айтады. 2.Математика негіздері. Нүктелерді, өрнектерді салуға, тік және көлбеу таяқшаларды, қисық және қиғаш сызықтарды дәптердің тор көзінде сызуға үйрету. -Балалар, сендер ойыншықтар дүкеніне барғанды жақсы көресіңдер ме? -Қандай ойыншықтарды ұнатасыңдар? -Үйде қандай ойыншықтарың бар? Балалар ойыншықтар туралы сұрақтарға жауап береді Одан кейін қарындаштармен (таяқшалармен, текшелермен және басқа да заттармен)	Ана тіліндегі дауысты және айтылуы және дыбысталуы ұқсас дауыссыз б- п, дыбыстарды дұрыс, анық айтуды үйрету.. Сылдырмақпен би Қолымызда сылдырмақ Сылдыр, сылдыр етеді. Аяғымыз тыпырлап, Өзі билеп кетеді. Тып, тып, тып, тып. Тыпылдатып биге шық. Қолымызда сылдырмақ, Сыңғырлата қағамыз. Сол аяқ пен оң аяқ Басуын тез табамыз. Тып, тып, тып, тып 2.Қоршаған ортамен танысу. Ата-ана еңбегін түсіну, адамдардың еңбектеріндегі өзара байланыстарды байқау. «Мен қандай пайда әкелемін?» атты дидактикалық ойын ұйымдастырады. Педагог балаларға түрлі нысандардың суреті салынған карточкаларды көрсетеді. Дұрыс жауап берген балаға фишка (текше) береді. Нысанның әкелетін пайдасы туралы көбірек айтып беруге тырысады. П: Ағаштардың қандай пайдасы бар? Б: Ыстықта сая болады, ауаны салқындатады. Жапырақтары мен жәндіктер қоректенеді. Құстар үшін де пайдалы. Оның бұтақтарына құстар ұя салады. Күрделі сұрақ: ағашқа қарап жел соғып тұрғанын	Геометриялық фигуралардың, көгөністер, жеміс-жидектердің дайын суреттерінің сыртын шетке шығармай бастыру, бояу. қолды жазуға дайындауға берілген тапсырмаларды қызығушылықпен орындайды; Д/ойын «Сөз ойла ,тез ойла» Дидактикалық ойын: «Күн мен түнді» ажырат. Күндіз аспанда не бар болатынын, түнде аспанда не бар болатынын түсіндіреді. Сурет қималарымен ажыратып көрсетеді. 2.Математика негіздері. Әртүрлі оқиғалардың, апта күндерінің, тәулік бөліктерінің реті туралы білімді бекіту. -Неше моншақ бейнеленгенін санаймыз балалар үстелдерде 5 моншақтан дөңгелектер құрастырады. Оларға тағы біреуін қосуды ұсынады. Енді неше моншақ болғанын қайта санаймыз (алты). тапсырма. 6 моншақты бастырып сызындар және оларды бояндар. 3.Шығармашылық құрастыру іс-әрекеті
---	---	--	---	--	---

Өртүрлі оқиғалардың, апта күндерінің, тәулік бөліктерінің реті туралы білімді бекіту. Д/о: «Артық затты тап» Төрт суреттің арасынан әрқайсысынан артық сурет екенін тап. Неліктен оның артық екенін түсіндіріңдер. Суреттердің әрқайсысында неше жыл мезгіл болатынын түсіну. Әрқайсысында неше мезгілден бар? Артық суретті тауып, оның неліктен артық екенін түсіндіреді. Қалған суретті санайды. Олардың үш-үштен екенін анықтайды 3.Көркем әдебиет. Балаларды қол жетімді көркем шығармалар мен фольклорға, театр әлеміне баулу, кітапқа деген қызығушылығын дамыту. Д/ойын: «Ғажайып қоржын». Ойынның шарты: Ғажайып қоржынның ішінде бірнеше заттар, ойыншықтар, оқу құралдары бар. Сол заттардың ішінен ойыншықтарды бір бөлек, оқу құралдарын бір бөлек жинау керек және аттарын атайды. Балалар оқу құралдары мен ойыншықтарды ажыратып бөлек жинайды және аттарын атайды. Ертегі тыңдау. Балаларға ертегі тыңдату. -Ертегі ұнады ма? -Ертегі не туралы? 4.Дене шынықтыру.	қандай болуы мүмкін? Балалар өздерінің кім болғысы келетіндігі туралы әңгімелеп, қиялындағы әлемде ол таңдаған мамандықтың қалай өзгертіндігі туралы ойларын ортаға салады 3.Қазақ тілі. Ауызекі сөйлеуді қарым-қатынас құралы ретінде дамыту. Балалардың қоршаған ортаға өзінің қарым-қатынасын білдіруге, ауызекі сөйлеуге ынталандыру. Дидактикалық ойын: «Ғажайып қоржын». «Қуыршақтар» қоржыннан ойыншықтарды алып, балаларды «Ойыншықтар дүкені» ойынын ойнауға шақырады. Дүкенші – қуыршақ Сәуле, сатып алушылар – балалар. Диалог: Бала: Сәлеметсіз бе! Қуыршақ: Сәлеметсіз бе! Бала: Маған ойыншық беріңізші? Қуыршақ: Қандай ойыншық? Бала: Ойыншық мәшине. Қуыршақ: Міне, ал. Бала: Рақмет. Қыз: Сәлеметсіз бе! Қуыршақ: Сәлеметсіз бе! Қыз: Маған қуыршақ беріңізші? Қуыршақ: Міне, ал. Бала: Рақмет. т.б. Балалар білетін ойыншықтарын алады, педагог қалған ойыншықтарды атайды, сипаттайды: жұмсақ ойыншықтар, темір ойыншықтар, пластмасса ойыншықтар, резеңке ойыншықтар болады	практикалық жұмыс жүргізу Әрбір үстелге көп қарындаштардан (таяқшалар және басқалары) қояды. Үстелдің үстінде қанша қарындаш бар? (Көп). 3.Көркем әдебиет. Балаларды қол жетімді көркем шығармалар мен фольклорға, театр әлеміне баулу, кітапқа деген қызығушылығын дамыту. Жемістер жыры -Нарттай қызыл алмам бар, Мәз болады алғандар. Жазда әдемі киінем, Тілді балдай үйірем. Көктемде ерте гүлдеймін, кешігуді білмеймін. Уылжыған өрікпін, Мен бау-баққа көрікпін Өлең ұнады ма? – Өлең не туралы? – Авторы кім? Жемістер қайда өседі? – Алманың, өріктің дәмі қандай? – Қандай жеміс ұнайды? – Сен қай жеміс түрінің дәмін таттың? – Неліктен жемістерді жақсы көресің? – Осы жемістерден мол өнім алу үшін тынбай еңбектену керек	білуге бола ма? Балалар өз болжамдарын айтады. Егер бұтақтар шайқалып тұрса, жел соғып тұр деген сөз. Желдің қуатын анықтайды. 3.Қазақ тілі. Ауызекі сөйлеуді қарым-қатынас құралы ретінде дамыту. Балалардың қоршаған ортаға өзінің қарым-қатынасын білдіруге, ауызекі сөйлеуге ынталандыру. Ойын «Кім жылдам?» . Педагог екі балаға тапсырма береді, олар жылдам сол тапсырманы орындаулары керек. Мысалы резеңке, кішкентай аю ойыншығын әкел. Үлкен, жұмсақ қоян ойыншығын әкел. Сәуле балаларға сұрақ қояды: Ойыншықтармен қалай ойнау керек? Балалар өз ойларын айтады. Педагог шағын мәтін құрайды. Біздің топта ойыншықтарымыз көп. Ойыншықтар ойын бұрышында тұрады. Ойыншықтарды жинау керек. Тап-таза ұстау керек. Оларды жуу керек. Ойыншықтарды сындырмай, лақтырмай ойнау керек 4.Музыка. Музыкалық сүйемелдеумен және сүйемелдеусіз жеке ән айту дағдыларын дамыту.	Құрылыс материалдарынан, конструктор бөлшектерінен құрастыру: ауызша сипаттау бойынша ұсынылған тақырыпқа, өз бетінше ойдан құрастыру. -- конструктор туралы түсініктерін кеңейту -саусақ қимылдарын дамыту. - конструктор ұрастыруға үйретуде біліктерін қалыптастыру Топтық жұмыстар жүргізу 4.Дене шынықтыру. Сапта бір-бірден, екеуден, үшеуден жүру; аяқтың ұшымен, аяқтың ішкі және сыртқы қырымен жүру; тізені жоғары көтеріп жүру, Зейіндерін жаттықтыру. (5 рет) Қимыл-қозғалыс ойыны: «Кім зейінді?» Ойынның шартын түсіндіреді. Капитанның артынан төрт тізбекке тұру. Спорт түрлеріне байланысты төрт командаға бөлінеді (балалардың қалауы бойынша). Капитандардың қолдарында доп болады (төрт капитан – төрт түсті доп). Балалар зал бойынша жүгіріп жүріп,
--	--	--	--	---

	Сапта бір-бірден, екеуден, үшеуден жүру; аяқтың ұшымен, аяқтың ішкі және сыртқы қырымен жүру; тізені жоғары көтеріп жүру, Қимыл-қозғалыс ойыны: «Қасқыр мен лақтар» (4 рет). Шарты: қарама-қарсы жаққа тек белгіден кейін жүгіру қажет. Залдың бір шетінде сап түзеп тұрады. «Қасқыр» зал ортасында орналасады. «Бөрте, бөрте, бөрте лақ, Бөрте лақ тым ерке-ақ. Кетесің кейде секендеп, Байламаса көкем кеп». Қ/о:№3	4.Музыка. Музыкалық сүйемелдеумен және сүйемелдеусіз жеке ән айту дағдыларын дамыту. Музыка тыңдау: «Қамажай» халық әуені (өндеген Н. Меңдіғалиев) Ән айту: «Мен өнерлі баламын» (М. Омаров) Музыкалық-ырғақтық қимылдар: «Биімді қайтала» (үнтаспада, педагогтің таңдауымен)	4.Дене шынықтыру. Сапта бір-бірден, екеуден, үшеуден жүру; аяқтың ұшымен, аяқтың ішкі және сыртқы қырымен жүру; тізені жоғары көтеріп жүру, «Өкшемен отырып» бастапқы қалпы бойынша ұсақ заттарды (тастарды) лақтыру, жоғары лақтыру. Өкшемен отырып, ұсақ тастарды жоғары лақтырып, оны алақандарымен қағып алады. Ал келесі лақтырғанда алақандарын теріс қойып, тастарды қағып алуға тырысад. Қ/о:№4	Ән айту: «Мен өнерлі баламын» (М. Омаров) Музыкалық-ырғақтық қимылдар: Билер: «Шабандоздар биі» (үнтаспада «Жұмыр қылыш», Музыкалық аспапта ойнау: «Еркем-ай» қазақтың халық әні (өндеген Б. Дәлденбай)	белгі берілгенде тізбекке келіп тұрады. Сонан соң көздерін жұмады, осы кезде капитандар орындарын стырады. Белгі бойынша өз капитандарын жылдам табулары және капитанның артына бір тізбекке тұрулары тиіс немесе малдас құрып отырады, өкшемен отырады. Қ/о:№6
Балалармен жеке жұмыс	Тілде сөйлемдердің әртүрлі түрлерін, қосымшаларды қолдануды меңгерту.	әндерді билерді сахналауды меңгерту.	дыбыстарды дұрыс атауды меңгерту.	ертегі желісін ретімен мазмұндай білуді меңгерту.	қазақ оюларының элементтерін сала білуді меңгерту.
Серуен	Серуен №6	Серуен №7	Серуен №8	Серуен №9	Серуен №10
Үйге қайтун. Өнегелі-15 минут Ұлттық дамытушы ортада ұлттық бұйымдарды ата-анамен бірге қарауға, Мабильді кітапхана орталығында кітаптар көруге, алып оқу, суреттерді қарауға, табиғат дамытушы ортада құстарды, балықтарды қоректендіруге мүмкіндік беру, ата-ананы балабақша жұмысына тарту, бала мен ата-ана қарым-қатынасын арттыру.					

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы
Білім беру ұйымы: №3 Алға қазақ орта мектебі
Жоспардың құрылу кезеңі :30 қыркүйек.01- 04 қазан 2024 жыл

Балалардың жасы : 5 жас

Топ /сынып: 0 «А»

Жетекшісі: Онешбаева П.К

Күн тәртібі	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Бір тұтас тәрбие» бағдарламасы аясында 1. «Тәуелсіздік және отаншылдық айы» айы «Ел-жұртымның бақыты аталатын, сөнбесін мәңгі сенің, Отан, атың!» «Ойында өрелік жоқ, Ханда төрелік жоқ»					
Балаларды қабылдау.	Күй күмбірі – баланы қабылдау кезінде қазақтың күй өнерін бала бойына сіңіру Балаларды көтеріңкі көңіл-күймен қарсы алу олар үшін жайлы жағдай жасау. Балалардың тәрбиешінің толық аты - жөнін атап сәлемдесуін бақылап үйрету. Баладан қандай көңіл күймен келгенін сұрап, мектепке келе жатқанда табиғаттан қандай өзгерістер байқағаны туралы жеке жеке сұрау. Бір тұтас тәрбие аясында.				
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру.	Ата-аналармен бала денсаулығы, баланың үйдегі күн тәртібі, жетістіктері туралы әңгімелеу, баланы дамыту мен тәрбиелеу мәселелері бойынша (жыл мезгіліне байланысты балаларды киіндіру) кеңес беру.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер).	Салт- дәстүрлерге қатысты тақырыпта сурет бойынша әңгімелесу. Тұсаукесер рәсімімен таныстыру, тұсау кесуге арналған ала жіпті өріп жасау. Бір тұтас тәрбие	Мақал мәтел ,жұмбақ жаттаату,мағынасын түсіндіру. Бір тұтас тәрбие	Қазақстан жайлы тақпақтар жаттату. Бір тұтас тәрбие	Сенімді ересектер: кімнен көмек сұрауға болады? көрстеу,түсіндіру. Қауіпсіздік әрекеті	Ұлттық ойындар ойнату. Бір тұтас тәрбие
Таңертенгі жаттығу.	« Менің Қазақстаным » таңғы жаттығудан соң күнделікті қою, Әнұранды жаттауға мүмкіндік жасау, патриоттық сезімдерін арттыру. Картотека №5				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық.	«Балалар кітапханасы»- жобасы. Балаларды қол жетімді көркем шығармалар мен театр әлеміне баулу, кітапқа деген қызығушылығын дамыту.	Сөздік ойын: «Жыл мезгілдері» Ойынның мақсаты: Балалардың жыл мезгілдері туралы білімдерін бекіту. Ойын барысы: Педагог балалардан жылдың қай мезгілі екенін сұрайды.	Д.О. «Заттың атын ата» Ойынның мақсаты: Заттарды көріп, сипаттау арқылы балалардың сезімталдығын дамыту, сөздік қорын молайту. Ойын барысы: Балаларға әртүрлі	Д.О. «Дәл тауып айт» Ойынның мақсаты: Балаларды көрген суреттерден үй жануарлардың, аңдардың және құстардың аттарын дұрыс, дәл айтқызу. Оларды қорғауға, қамқор болуға тәрбиелеу.	Д.О. «Сиқырлы суреттер» Ойынның мақсаты: Балалардың ойлау логикалық қабілетін, ес, зейін, қабылдау процестерін дамыту. Ойын барысы:

		Балалар әр жыл мезгілінің өзіне тән ерекшеліктерін айтады.	суреттер таратылып беріледі. Сонан соң балар сол затты жан-жақты сипаттайды және заттың атын атап, түр-түсін ажыратады.	Ойын барысы: Педагог балаларға әртүрлі суреттерді көрсетіп шығады. Балалар суретке қарап дәл атын тауып айтады. Оларды қорғау және қамқор болу үшін не істеу керек екенін айтады.	Балалар алдарындағы үлгі бойынша бөлінділерден сурет құрайды. Сурет бойынша әңгіме құрауды ұсыну.
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет.	1.Сауат ашу негіздері. Мақсаты:«Сөз» және дыбыс терминдері туралы бастапқы түсініктерін қалыптастыру. Балаларды сөздегі дыбыстардың бірізділігін белгілеуге үйрету. Қолды жазуға дайындау. Жазу кезінде арқаны дұрыс ұстау ережелерімен таныстыру, қаламды дұрыс ұстай білуге үйрету. Д.О: «Сөзге сөз қос» Ойынның мақсаты: Сөзге сөз қосып, сөйлем құрату арқылы балалардың зейінін, шапшаң ойлауын дамыту. Ойын барысы: Балаларды екі топқа бөліп өткізуге болады. Педагог бір сөз айтады, балалар сол сөзге сөз қосып, сөйлем құрайды. Еркін ойын: «Сөзді айтуға көмектес» Ойынның мақсаты: Сөздерді толық әрі дұрыс айтуға үйрету. Ойын барысы: Педагог сөздің бірінші буынын айтады, ал балалар сол буынға қатысты сөзді тауып жалғастырады. Мысалы: Ал-ма, қо-ян. т.б. Қимылды ойын: «Абайлаңыз!» Ойынның мақсаты: Балалардың зейінін, есте	1.Сөйлеуді дамыту . Мақсаты:сөздік қор: Балалардың сөздік қорын зат есімдермен, етістіктермен, сын есімдермен, сан есімдермен, жұрнақ және жалғаулармен байыту; алуан түрлі затты сипаттауға, қарым-қатынас жасауға қажетті сөздерді қолдану және түсіну, оларды сөйлеуде белсене қолдану дағдылаын қалыптастыру. Д.О: «Заттық фриздер» Ойынның мақсаты: Заттарды көріп сипаттау арқылы балалардың тіл байлығын дамыту. Ойын барысы: Балалар сиқырлы қоржыннан шыққан әртүрлі заттың атын атап, түр-түсін жан-жақты сипаттайды. Еркін ойын: «Бұл не? Бұл кім?» Ойынның мақсаты: Балаларды көше етістікті қолдану арқылы, сөздік қорын молайту. Ойын барысы: Балаларға суреттер беріледі. Балалар ол суретте не бейнеленгенін айтады, әңгімелейді. Сұрақтарға жауап береді. Қимылды ойын: «Дүкен» Ойынның мақсаты: Балаларды рөлге бөліп, сол рөл бойынша әрекет жасауға	1.Сауат ашу негіздері. Мақсаты:сөздегі буындардың ретін анықтау; буындардан сөз құрау (ауызша), жай сөздердегі дыбыстардың ретін көрсету. Қолды жазуға дайындау, жазу дәптерінің бетінде бағдарлай білуге, жазу жолы мен жоларалық кеңістікті ажырата білуге үйрету. Д.О: «Буынға буын қос» Ойынның мақсаты: басталған буынға буын қосып, сөз құрастырып айта білуге үйрету. балаларды шапшаңдыққа баулу, ойлау қабілетін арттыру. Ойын барысы: Балаларды екі топқа бөліп өткізуге болады. Педагог сөздің бастапқы буынын айтады, балалар сөзді тез аяқтайды. Мысалы: ба-ла; ба-қа. т.б. Еркін ойын: «Қолға қалам аламыз, әдемі етіп жазамыз!» Ойынның мақсаты: Қолды жазуға дайындау, жазу дәптерінің бетінде бағдарлай білуге, жазу жолы мен жоларалық кеңістікті ажырата білуге үйрету. Ойын барысы: Балалар түрлі сызықтарды, штрихтарды салады, үзік сызықтарды бастырып, жалғастырып жазады. 2.Математика негіздері Мақсаты:математикалық	1.Сөйлеуді дамыту. Мақсаты:тілдің грамматикалық құрылымы: Түбірлес сөздерді жасау және қолдануын; етістіктерді жалғаулармен қолдану; жай және күрделі сөйлемдерді қолдану дағдыларын қалыптастыру. Интонациясына байланысты сөйлемдерді (хабарлы, сұраулы, лепті) ажыратып, сөйлеуде қолдана білуді жетілдіру. Д.О. «Бұл не? Бұл кім?» Ойынның мақсаты: Балаларды көпше етістікті қолдана білуге үйрету, сөздік қорын молайту. Ойлау, қабылдау қабілеттерін арттыру. Ойын барысы: Балаларға суреттер беріледі. Балалар ол суретте не бейнеленгенін және көпше етістікті қолдану арқылы айтады. Сұрағы қойылады. Д.О: «Кім? Не?» Ойынның мақсаты: Жанды және жансыз	1.Сауат ашу негіздері. Мақсаты:дыбыстық құрылымы әртүрлі үш және төрт дыбыстардан тұратын сөздерге дыбыстық талдау жасауды жетілдіру. Сөйлем туралы бастапқы түсініктерін қалыптастыру. Дыбыстардың белгілерін ажырату. (дуысты-жуан, жіңешке; дауыссыз-қаан, ұян, үнді) Сөйлем құрауға жаттықтыру. Д.О. «Дауысты дыбыстар» Ойынның мақсаты: Дауысты дыбыстарды ажырата білуге үйрету. Ойын барысы: Суреттегі заттарды ата. Дауысты дыбыстан басталатын сөздің суретін қызыл үйге орналастыр. Сызықпен қос. Д.О. «Берілген дыбыспен сөздерді ата» Ойынның мақсаты: Берілген дыбысқа сөз ойлап табуды үйрету. Ойын арқылы балаларды

	сақтау қабілетін дамыту. Ойын барысы: Балалар қатты дыбысты естісе тепкілейді, жұмсақ болса қол соғады. 2.Математика негіздері Сандар түрлі жиындардың көрсеткіштері екендігі және жиын түрлі элементтерден құралатындығы жайлы түсінігін дамыту Д.О: «Біреу-көп» Ойынның мақсаты: «Біреу және көп»» ұғымын қайталау. Ойын барысы: Балаларға бірнеше түрлі заттар немесе пішіндер беріледі. Балалар ең алдымен оларды топтастырады. Еркін ойын: «Кім бірінші атайды?» Ойынның мақсаты: Заттарды санау, жылдам ойлау дағдыларын дамыту. Ойын барысы: Педагог балаларға сурет көрсетеді. Балалар суреттегі заттарды санайды, пішінін, түсін айтады. Қимылды ойын: «Кім бірінші?» Ойынның мақсаты: Балаларды шапшаңдыққа тәрбиелеу. Ойынның мақсаты: Балалар себетке көкөністер мен жемістерді ажыратып салады. Қайсысы көп, қайсысы аз екенін айтады. 3.Көркем әдебиет Шығармалардың эмоционалды-бейнелік мазмұнын қабылдауға,	үйрету. Ойын барысы: Бір баланы сатушы қылып, қалған балалар сатып алушы болады. Балалар мейірімді, жылы сөздерді қолданады: Сатушы: «Сәлеметсіз бе? Келіңіз, Сізге не керек?» Сатып алушылар: «Рахмет!» сияқты мейірімді сөздерді айтады. 2.Қоршаған ортамен танысу Мақсаты:көлік байланыс құралдары: Көлік құралдарының көп түрлілігі, белгілі жұмыс түрін орындау үшін олардың жабдықтары жайлы түсінік беру. Д.О: «Қандай көлік түрлерін білесіңдер?»-деген сұраққа сурет бойынша көшедегі көлік түрлерін атап шығады. Д.О: «Суретті жина» Ойынның мақсаты: Балалардың ойлау қабілетін дамыту. Ойын барысы: Балалар екі топқа бөлінеді. Көліктердің суреті салынған парақ бірнеше бөлікке бөлініп, екі хатқалтаның ішінде болады. Әр топ балалары қағаз киықтарын біріктіріп, көлік түрін құрастырады. Еркін ойын: «Менің сүйікті көлігім» Ойынның мақсаты: Балалардың шығармашылық қабілетін дамыту. Сурет салуға деген қызығушылығын арттыру. Ойын барысы: Балалар өздеріне ұнаған көлік түрлерінің суретін салады. Қимылды ойын: «Поезд»	терминдерді қолдана білуді, 6 саны көлеміндегі сан мен цифр туралы ұғымдарын қалыптастыру; оларды тану және атай білуді үйрету. Көрнекілік негізінде 2, 3, 4, 5, 6 санының пайда болуымен таныстыру. Д.О: «Кім бірінші атайды?» Ойынның мақсаты: Заттарды санау, жылдам ойлау дағдыларын дамыту. Ойын барысы: Педагог балаларға сурет көрсетеді. Балалар заттарды санайды, пішінін, түсін атайды. Еркін ойын: «Сандарды таны» Ойынның мақсаты: Сандар туралы алған білімдерін толықтыру, бекіту. Ойын барысы: Балалар сандарды өсу ретімен орналастырады, мұқият қарап шығып жетпей тұрған санды атайды. Қимылды ойын: «Өз орныңды тап» Ойынның мақсаты: Балаларды шапшаңдыққа тәрбиелеу. Ойын барысы: Музыка ырғағымен балалар ортада билеп жүреді Әуен тоқтаған кезде балалар ретімен өз орнында тұрады. 3.Көркем әдебиет. Мақсаты: педагогтың әңгімесінің жалғасы мен соңын ойлап таба білуге, бір-бірімен байланысқан сюжет бойынша құрастыруға, әңгімелеу барысында бейнелеуіш сөздерді, теңеулерді қолдануға үйрету. Балаларды театр мәдениетіне баулу.	заттарды айыра білуге үйрету. Ойын барысы: Балаларға суреттер беріледі. Балалар суретте не бейнеленгенін атайды. Жанды болса «Кім?» жансыз болса «Не?» сұрағын қояды. Еркін ойын: «Сиқырлы қалта» Ойынның мақсаты: Диалогтік сөйлеуде сөздерді дұрыс, анық айтуға, сұраулы сөйлемдерді дауыс интонациясын сақтап дұрыс айтуға жаттықтыру. Сөйлем қарқынын өзгерте білуге үйрету. Ойын барысы: Педагог сиқырлы қалтаны ортаға қойып балаларды кезекпен шақырып, сол қалтадағы заттарды алғызады. Балалар алған заттарын сипаттап айтып береді. 2.Қоршаған ортамен танысу Мақсаты: айналадағы заттар, құрылыс материалдары арасындағы міндет пен байланысты, оның неден жасалғандығы туралы түсінік беру. Д.О: «Үстінде, астында, алдында, артында, оң жақта, сол жақта» Ойынның мақсаты:	тапқырлыққа баулу. Ойын барысы: Педагог кез-келген дыбысты айтады. Балалар сол дыбыстан басталатын сөздерді айтады. Мысалы: А-алма, ана, анар, алмұрт, автобус. т.б. 2.Математика негіздері. Мақсаты: 10 көлеміндегі санды тура және кері санауға үйрету. Д.О. «Кім шатаспай санайды?» Ойынның мақсаты: 10 көлеміндегі санды тура және кері санауға үйрету. Ойын барысы: Балалар 1-ден 10-ға дейін тура және кері санау. Сан және санау. 1-ден 10-ға дейінгі сандар. 1.Суреттегі бейнеленген заттарды сана. Қандай заттар нешеуден екенін айт. 2.Суреттегі заттарды санап, сәйкес цифрмен сызып қос. 3.Заттарды сана, сандарды боя. 4.Сандарды ретімен сызып қос. 5.Қалдырылған санды тап. 6.Цифрлардың үстінен саусағыңмен жүргіз.
--	---	---	---	--	--

	баяндау сипатын сезінуге баулу. Әбеди жанр түрлерін түсіндіру: ертегі, әңгіме, өлең. Балаларды шығарма кейіпкерлерімен таныстыру. ДО: «Ертегіні ата» Ойынның мақсаты: Балаларды ертегілерді айырып, атай білуге үйрету және жинақтау, талдау қабілеттерін жетілдіру. Ойын барысы: Балаларға ертегілер бейнеленген суреттер таратылады. Балалар суретке қарап қандай ертегі екенін айтады. Еркін ойын: «Менің сүйікті ертегім» Ойынның мақсаты: Балалардың шығармашылық қабілетін дамыту. Ойын барысы: Балалар өздеріне ұнаған ертегіні атайды, сол ертегі желісі бойынша суретін салады. Қимылды ойын: «Ертегіні ойнайық» Ойынның мақсаты: Ертегілер туралы білімдерін кеңейте отырып, есту және сөйлеу тілін жетілдіру. Ойын барысы: Педагог балаларға өткен ертегілерді еске түсіріп, содан кейін ертегі кейіпкерлерінің дауысын өзгерте отырып, қандай ертегі кейіпкерінің дауысы екенін анықтауын сұрайды. Мысалы: «Бауырсақ» ертегісін еске түсіреді. Бауырсақтың дауысы төмен дауыс, әженің дауысы ортаңғы дауыспен, ал	Ойынның мақсаты: Балаларды ұйымшылдыққа тәрбиелеу. Ойынның мақсаты: Балалар бірінің артынан бірі жүреді. Поездың дыбысын салады. 3.Қазақ тілі. Мақсаты: қажетті сөздерді дұрыс түсінуді және қолдануды қалыптастыру, оларды сөйлегенде белсенді қолдануға үйрету; сөзге қызығушылығы мен зейінін дамыту. ДО: «Сөзге сөз қос» Ойынның мақсаты: Балалардың сөздік қорын молайту, тіл байлығын арттыру. Ойын барысы: Ойынды екі топқа бөліп өткізуге болады. Педагог бір сөз айтады, балалар сөйлемді тез аяқтайды. Басталған сөзге сөз қосып, сөйлем құрастыру. Мысалы: Алма..... Сәуле..... Шар..... Менің..... Еркін ойын: «Гүл» Ойынның мақсаты: Балаларға гүл күлтелерінің түстерін атату. Әр күлтеге сөз ойлату арқылы баланың ойын, есте сақтау қабілетін дамыту. Ойын барысы: Гүл күлтелерін 5 түрлі түспен бояу. Әр күлтеге гүлдің қандай екендігіне байланысты сөз құрастырып айту. Мысалы: әдемі гүл, қызыл гүл. т.б.	ДО: «Жылдың қай мезгілі екенін тап» Ойынның мақсаты: Балалардың ойлау қабілеттерін арттыру. Сөздік қорын молайту. Ойын барысы: Балаларға бірнеше сурет берілген. Сол суреттердің үшінен жылдың қай мезгілі екенін тауып, әңгіме құрастыру керек. ДО: «Алтын күз» Ойынның мақсаты: Балалардың тіл байлығын арттыру, сөздік қорын молайту. Ойын барысы: Күз тақырыбына сурет бойынша әңгіме құрастыру. Еркін ойын: «Сөйлемді жалғастыр» Ойынның мақсаты: Балалардың ойлау қабілетін арттыру, сөздік қорын толықтыру. Ойын барысы: Бастаушы берілген суреттерге қарап сөйлемді бастайды, келесі бала аяқтайды. -Мен анама....(көмектесемін) -Мен ініме....(қамқор боламын). Сюжеттік-рөлдік ойын: «Қысқа дайындық» Ойынның мақсаты: Балаларды театр мәдениетіне баулу. Ойын барысы: «Қысқа дайындық» ертегі желісі бойынша, балалардың сахналауы. 4.Денешынықтыру. Мақсаты:сапқа тұру, сап құрылымын өзгертіп қайта тұру. Сапқа бір, екі, үш қатармен тұру; бір орнында және қимыл үстінде оңға және	Кеңістікте бағдарлау қабілеттерін дамыту. Ойын барысы: Балалар суреттегі заттардың қай жерде орналасқанын айтады. ДО: «Кім қайда орналасқан?» Ойынның мақсаты: Кеңістікте бағдарлау қабілеттерін дамыту. Ойын барысы: Балалар суретте бейнеленген қыз бен ұлдың қай жеде орналасқанын айтады. 3.Қазақ тілі. Мақсаты:сөзге қызығушылығы мен зейінін дамыту. ДО: «Сөз ойла, тез ойла» Ойынның мақсаты: Балалардың ойлау қабілетін арттыру. Ойын барысы: «Жел» сөзіне анықтама айт. ДО: «Бұлтты суретте» Ойынның мақсаты: Балалардың сөздік қорын молайту. Ойын барысы: Бұлтты суреттейтін сөздерді тауып айтуға үйрету. ДО: «Сөзге сөз қос» Ойынның мақсаты: Сөзге сөз қосып құрастыру арқылы балалардың зейінін, шапшаң ойлауын дамыту. Ойын барысы: Балаларды екі топқа бөліп өткізуге болады. Педагог бір сөз айтады.	7.Көрсетілген сандар қанша болса, шаршыға сонша нүкте сал. 8.Заттардың суретін оннан болатындай толықтырып сал. 3.Шығармашылық бейнелеу іс әрекеті. Мақсаты: бірнеше біртекті заттардың мөлшеріндегі ерекшеліктерін жеткізе білу іскерліктерін қалыптастыру; өздері білетін пішін жасау тәсілдерін бекіту. ДО. «Үйдің есігін жабайық» Ойынның мақсаты: Заттарды өлшемі бойынша салыстыруға, жуан және жіңешке заттарды ажырата алуға үйрету. Ойын барысы: Есіктері жоқ үйлерге сәйкесінше түсіне қарап есігін табу. Еркін ойын: «Суреттің екінші бөлігін сал» Ойынның мақсаты: Балалардың ойлау қабілеттерін дамыту. Ойын барысы: Әр қағазда суреттің бір жартысы салынған, балалар суретке қарап не бейнеленгенін табады да, суреттің екінші жартысын салады.
--	--	---	--	---	--

	қасқырды жоғары дауыс ырғағына сала отырып, ертегіні айтып береді, содан кейін қандай кейіпкерлердің дауысы екенін табуын сұрайды. 4.Дене шынықтыру. Тепе-теңдікті сақтау; заттардан, текшелерден аттап жүру; аяқ ұшымен жүру; әр қадам сайын допты алдынан немесе артынан қолдан-қолға ауыстыра отырып орындық үстімен, кедір-бұдыр тақтай үстімен жүру. Қимылды ойын: «Ыңғайлы бол» Ойынның мақсаты: Ептілікті, жылдамдықты, төзімділікті дамыту. Ойын барысы: Екі аяқты серпу арқылы тақтайшадан аттап секіру. Қимылды ойын: «Аяқтарыңды сулап алма» Ойынның мақсаты: Ептілікке, шапшаңдыққа үйрету. Ойын барысы: Балаларды алға қарай тақтайшадан тақтайшаға ептілікпен секіріп үйренуге жаттықтыру. Балалардың тез қарқынды қимыл жасай алуына қол жеткізу.	Қимылды ойын: «Қарама-қарсы сөздер» Ойынның мақсаты: Антоним сөздерді салыстыру жолымен балалардың ой-өрісін кеңейту, ойлау қабілеттерін дамыту, сөздік қорын мағыналары қарама-қарсы сөздермен молайту. Ойын барысы: Педагог балаларға кезекпен допты лақтырып бір сөз айтады, ал допты ұстап алған бала педагогқа кері лақтырып, айтылған сөзге мағынасы қарама-қарсы сөзді айтады. Мысалы: жылы-суық, қараңғы-жарық, қатты-жұмсақ, тәтті-ащы т.б. 4.Музыка Мақсаты:музыка сипатына сәйкес ойын әрекеттерін орындау: қол ұстасып шеңберде айтылатын әндермен шеңберді айналып жүру; музыкалық тіркестерге сәйкес қозғалыстарды өзгерту. Д.О. «Ән салған кім?» Ойынның мақсаты: Балалардың ұқыптылығын, музыкалық есту қабілетін арттыру. Ойын барысы: Музыканы тыңдай отырып, дауысына қарай ажырату. Еркін ойын: «Кел билейік» Ойынның мақсаты: Балаларға түрлі би қимылдарын үйрету. Қызығушылықтарын ояту. Ойын барысы: Музыка ырғағына сәйкес аяқ-қолмен үйлесімді қимыл жасауға, әрбір би элементтерін,	солға бұрылу; қатарда-қолды алға, сап түзеп жүргенде және шеңбер жасағанда-қолды жан-жаққа созып тік тұру; оңға және солға бұрылу, тұрған орнында айналу. Қимылды ойын: «Айгөлек» Ойынның мақсаты: Шапшаңдыққа, тез жүгіруге үйрету. Ойын барысы: Балалардың қимыл-қозғалыстарын дамыту; ауызша дабылдар (есімдері) бойынша әрекет ету. Қимылды ойын: «Аталған ағашқа жүгіру» Ойынның мақсаты: Кеңістікті бағдарлай ауын, оңға және солға бұрылуды үйрету. Ойын барысы: Сыртқы көріністері ұқсас бола тұрса да ағаштардың айырмашылығын табу. Қандай ағаш аталды және сәйкес келсе «бір, екі, үш-жүгіреміз біз!»-деп дабылмен жүгіру.	Балалар сол сөзге сөз қосып, сөйлем құрастырады. 4.Музыка. Мақсаты: әуеннің би сипатын сезіну; би қимылдарының элементтерін орындау; халық биін үйрену арқылы көркем мұраның кейбір элементтерімен таныстыру. Еркін ойын. Әуенді қимыл-қозғалыс: «Көңілді би» Ойынның мақсаты: Музыкаға сәйкес би элементтерін ойлап табу. Ырғақты ұстай отырып, аяқтың өкшесін жерге бірдей қойып, бірге адым басып қимылдар жасау. Денені әсем, әдемі қимылға ендіруге үйрету. «Айгөлек» қазіргі би ырғағы. «Қазақ вальсі» Л.Хамиди. Ұнтаспа. Вальс-жұптасып билейтін би. Жұптасып шеңбер бойымен аяқтың ұшымен жүру педагог белгі берген кезде тоқтап, бір-біріне қарсы тұрып, қол ұстасып, бір қадам оңға, бір қадам солға қимыл жасап, тұрған орнында бірге айналу қимыл музыка әуеніне сай жасалуын қадағалау.	4.Дене шынықтыру. Мақсаты:Секіру: бір орында тұрып, алға қарай 3-4 м қашықтыққа жылжу арқылы секіру; қос аяқтап заттар арасымен секіру; оң және сол аяқпен кезектесіп секіру; сызықтан аттап секіру. Қимылды ойын: «Дөңгелектен секіріп шық» Ойын барысы: Қос аяқпен секіруді, биік емес жерлерден секіруді үйретуді жалғастыру. Қимылды ойын: «Секіріп түс те, бұрыл!» Ойынның мақсаты: Кеңістікті бағдарлай ауын, оңға және солға бұрылуды үйрету. Ойын барысы: «Хоп!»-деген белгі бойынша тез қимыл жасай алуын дамыту, жоғарыға секіруді орындай алуға үйрету. Кеңістікті бағдарлай алуын бекіту. (жүргізушінің көрсеткен жағына бұрылу).
--	---	--	--	---	---

		қимылды нақты, көтеріңкі көңіл-күймен орындауға талпындыру. Қимылды ойын: «Көлеңке» Ойынның мақсаты: Есте сақтау қабілеттерін арттыру. Ойын барысы: Балалар екі-екіден бірнеше қатарға тұрады. Бақылаушы тобын сайлауға болады. Бірінші баланың артында тұрған бала (2 қадам кейін) ол-«көлеңке» Бірінші бала не істесе, қандай қимыл жасаса, «көлеңке» соны бұлжытпай орындауы шарт. Музыка аяқталған соң бақылау тобы «көлеңкелердің» қимыл сәйкестігін талдайды.			
Балалармен жеке жұмыс	Тілде сөйлемдердің әртүрлі түрлерін, қосымшаларды қолдануды меңгерту.	әндерді билерді сахналауды меңгерту.	дыбыстарды дұрыс атауды меңгерту.	ертегі желісін ретімен мазмұндай білуді меңгерту.	қазақ оюларының элементтерін сала білуді меңгерту.
Серуен	Қимылды ойын: «Күн мен түн» Ойын мақсаты: балаларды әртүрлі қимыл-қозғалысын үйрету. Ептілікке, шапшаңдыққа, төзімділікке тәрбиелеу. Қауіпсіздік дағдыларын дамыту	Қимылды ойын: «Қаздар мен аққулар» Ойын мақсаты: топ болып ойнауға, рөлдерді бөліп ойнауға қалыптастыру	Картотека № 7 Қимылды ойын: «Тату-тәтті отбасы» Ойын мақсаты: үлкендерді сыйлауға тәрбиелеу. Отбасы мүшелерін дұрыс атауға үйрету. Қауіпсіздік дағдыларын дамыту	Картотека № 8 Қимылды ойын: «Итеріспек» Ойын мақсаты: балалардың қимыл-әрекеттерін бір аяқпен секіре алу шеберліктерін жаттықтыру, ептілік, жылдамдық, сезімталдық, табандылық сияқты қасиеттермен дамыту. Ұлттық құндылықтарды дамыту дағдысын қалыптастыру	Картотека № 9 Қимылды ойын: «Соқыртеке» Ойын мақсаты: бірлесіп ойнауға шақыру. Балалардың көңілдерін көтеру. Шапшаңдыққа баулу. Экологиялық мәдениетті қалыптастыру
Өнегелі-15 минут. Қауіпсіздік ережесі - ата-анамен бала өмірінің қауіпсіздігі туралы әңгіме жүргізу					
Балалардың үйге қайтуы	Күзгі табиғат туралы баласымен әңгіме жүргізуді ұсыну	Табиғи материалдарды жинауға көмектесу.	Сурет салу, кітап қарауды ұсыну.	Құстарға үйшік жасауды ұсыну.	Балалармен апта бойы жасаған жұмыстардан алған әсерлерін сұрау.

Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы

№ 3 Алға қазақ орта мектебі

Жоспардың құрылу кезеңі: 07.10 – 11.10. 2024 ж.

Балалардың жасы : 5 жас

Топ /сынып: 0 «А»

Жетекшісі: Онешбаева П.К

Күн тәртібі	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балаларды қабылдау.	«Бір тұтас тәрбие» бағдарламасы аясында 2. « Тәуелсіздік және Отаншылдық » айы «Апта дәйексөздері»- «Туған жердей жер болмас, туған елдей ел болмас!» <i>Күй күмбірі – баланы қабылдау кезінде қазақтың күй өнерін бала бойына сіңіру.</i> Балалардың Балаларды қоңыраумен қарсы алу. Сылдырлатып қоңырауын соғып кіріп,келесі балаға береді Күй қосу . Балаларды жақсы көтеріңкі көңіл-күймен қарсы алу. Балалар үшін жайлы жағдай жасау. Баланың бүгінгі көңіл-күйі, оған не қызықтыратыны туралы сұрау, баланы жеке пікірін білдіруге баулу. (сөйлеуді дамыту коммуникативті іс-әрекет)				
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру.	Қауіпсіздік ережесі әлеуметтік эмоционалды дағдыларды қалыптастыру, балалармен бірге жол ережелері туралы мультфильмдер көруге кеңес беру, ұсыну. Ата-аналармен бала денсаулығы, баланың үйдегі күн тәртібі, жетістіктері туралы әңгімелеу, баланы дамыту мен тәрбиелеу мәселелері бойынша (жыл мезгіліне байланысты балаларды киіндіру) кеңес беру.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер).	«Ұлттық ойын- ұлт қазынасы» Санамақ Көпшілік қатысады.Ойынның шарты: ойын бастаушы қатысушы бір адамды ортаға алып шығады.Ол адам бір тектес атау сөзден жаңылмай,кідірмей аттап жүріп айтуы керек.Тоқтамай қателеспей айтып шықса,жүлде алады.Егер қателессе ойыннан шығады.	«Ұлттық ойын- ұлт қазынасы» Қарамырза Ойын басталмас бұрын ,оның ережесі түсіндіріледі.Біраз уақыттан кейін ойын бастаушы ойынаушыларғы « ойынаймыз» деп белгі берген кезде қатарлас отырған бірі екіншісіне: «Ассалаумағалейкум, Қарамырза !» -дейді.Ойын тәртібі бойынша сәлем салушы : «Уағалейкумассалам,бірінші қарамырза» -деп жауап беруі керек,егер « уағалейкум», -деп жауап берсе онда сәлем алушы ұтылады. Сөйтіп , аз дан соң ойыншылар «жеңгендер» мен «жеңілгендер» болып екі топқа бөлінеді, «жеңген»жақ «жеңілген» жаққа жаза белгілейді: ән, күй тартып, би билейді	«Ұлттық ойын- ұлт қазынасы» Айдапсал. Ойынаушылар екі топқа бөлінеді. Бірінші топ үйдің сыртына шығып , ал екінші топ үйдің ішінде қалады.Ойынды басқарушы сыртта тұрғандардың есімдерін үйде отырғандарға қойып, өзі белгілеп алады.Содан кейін сырттағы ойыншыларды бір-бірлеп шақыра бастайды. Ойынның шарты бойынша , сырттан кірген ойыншы отырғандардың ішінен иөз есімі есімі берілген ойыншыны табуы керек.Таба алмаған ойыншылар айыптылар қатарына барып отырады.Ал өз есімі берілген ойыншыны тапқандар соның қасына барып отырады, айып тартады.Айыптартушылар көпшіліктің ұйғаруымен өлең айтады,би билейді ,т.б. өнер көрсетеді	«Ұлттық ойын- ұлт қазынасы» Шертпек. Ойнаушыларды орындыққа отырғызып болғаннан кейін, ойын жүргізушісі орамалды иығына салып алып ойнаушылардың артында жүреді де, кез-келген ойыншының екі көзін екі қолмен баса қояды.Сол кезде білдірмей келіп, жолдастарының бірі маңдайынан шертіп кетеді.Ойын жүргізуші көзін қоя бере салып, иығындағы орамалмен «шертпегімді тап» - деп, арқасынан тартып қалады.Таба алмай қалса, көпшіліктің ұйғаруы мен ортаға шығып өнер көрсетеді, ал егер тауып алса, жаңағы шерткен адам айыбын тартады.Осындай тәртіппен ойын жалғаса береді.	«Ұлттық ойын- ұлт қазынасы» Белбеу соқ Ойыншылар екі-екіден жұптасып, шеңбер жасап тұрады.Бір ойыншы белбеуді алып,екіншісін қууға тиіс.Қашқан шеңбер жасап тұрған бір жұптың алдына келіп тұрған кезде,артық қалған үшінші ойыншы шеңберді айнала қашады.Егенр қуғыншы оны белбеумен соғып үлгеріп, өзі бір жұптың алдына келіп үлгерсе,оның орнын келесі ойыншы басады

Таңертенгі жаттығу.	Картатека №5				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық.	Жылулық сәті: Апам мені «Айым»-дейді, Мен мұнайсам,уайым жейді. Апам мені «Күнім»-дейді, Мен қуансам күлім -дейді.	Жылулық сәті: Қуанамыз күлеміз, Бар әлемде сүйеміз. Қол ұстасып, қуанып, Достарымен бір жүреміз.	Жылулық сәті: Шақырамын сендерді Жолдастарым кел бері Толтырайық шаттыққа, Дөгеленген шеңберді.	Жылулық сәті: Бақыт толы шеңберге, Шаттық толы шеңберге, Қол ұстасып келдік біз, Жан достармыз енді біз.	Жылулық сәті: Достар бері келіндер, Қолдарынды беріндер. Шаттық толы шеңберге Қуанышпен еніңдер.
Ұйымдастырылған іс-әрекет кестесі.	1.Сауат ашу негіздері. 2.Математика. 3.Көркем әдебиет. 4.Дене шынықтыру.	1.Сөйлеуді дамыту. 2.Қоршаған орта. 3.Қазақ тілі. 4.Музыка.	1.Сауат ашу негіздері. 2.Математика. 3.Көркем әдебиет. 4.Денешынықтыру.	1.Сөйлеуді дамыту. 2.Қоршаған орта. 3.Қазақ тілі. 4.Музыка.	1.Сауат ашу негіздері. 2.Математика. 3.Сурет/Жапсыру/ Мүсіндеу/Құрастыру. 4.Дене шынықтыру.
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет.	1.Сауат ашу негіздері. Сөйлемді ауызша талдау: жай сөйлемдерді сөздерге бөлу, сөйлемдегі сөздердің ретін, санын анықтау. берілген сөзге сөйлем құрастыру.. Д.О: «Суреттің жартысын тауып, сөйлем құрап қосып айт» Ойынның мақсаты: Суреттердің жартысын тауып, буындарды қосып айтуға үйрету. балалардың ойлау, сөйлеу тілін дамыту. Ойын барысы: Әр балаға суреттердің жарты бөлігі таратылады. Суретке қарап, балалар буынның жалғасын айтады. Мысалы: кесе, маса, ара, бала, бота, айна, бақа. т.б. Еркін ойын: «Сөзді айтуға көмектес» Ойынның мақсаты: Сөздерді толық әрі дұрыс айтуға үйрету. Ойын барысы: Педагог сөздің бірінші буынын	1.Сөйлеуді дамыту . Фонематикалық естуді дамыту, сөздегі дыбыстардың орнын анықтау. (басы, ортасы, соңы). Артикуляциялық жаттығулар жасау. Д.О. «Берілген дыбыспен сөздерді ата» Ойынның мақсаты: Берілген дыбысқа сөз ойлап табу. Ойын арқылы балаларды тапқырлыққа баулу. Ойын барысы: Педагог кез-келген дыбысты айтады. Балалар сол дыбыстан басталатын сөздерді айтады. Мысалы: А-болса: Балалр: алма, алмұрт, автобус, асқабақ, ай, аққу. Артикуляциялық жаттығулар. «Сағат» Денені жан-жаққа ию. Иілген кезде «ту-у-у-ух»-деп дыбыстап, терең тыныс шығару. «Доптар ұшады» Кеудесін алдыға қарай лақтыру. Дем шығарған кезде ұзақ «ух-х-х-х»-деп айт. «Поезд» Бір демде айту. «ту-	1.Сауат ашу негіздері. Әртүрлі бағыттағы тігінен, көлденең, қысқа, ұзын, толқынды, ирек сызықтарды, нүктелерді, тамшы тәрізді пішіндерді олардың арасындағы арақашықтықты сақтап, алдымен үлгі бойынша және кейіннен өз бетінше жазуға мүмкіндік беру. Д.О. «Суреттердің атауын буынға бөліп айт» Ойынның мақсаты: Сөздерді буынға бөлуді үйрету. Ойын барысы: Суреттердің атауын буынға бөліп айтады. Мысалы: қошакан, мысық, бақа, бота, арыстан, құлыншақ. Д.О. «Буынға буын қос» Ойынның мақсаты: басталған буынға буын қосып, сөз құрастырып айта білуге үйрету. Балаларды шапшаңдыққа баулу, ойлау қабілетін арттыру. Ойын барысы: Педагог сөздің бастапқы буынын	1.Сөйлеуді дамыту. Балалардың сөздік қорын тұрмыстық заттардың қасиеттері мен сапасын сипаттайтын сын есімдермен байыту. Д.О. «Бұл не? Бұл кім?» Ойынның мақсаты: Балаларды көпше етістікті қолдана білуге үйрету, сөздік қорын молайту. Ойлау, қабылдау қабілеттерін арттыру. Ойын барысы: Балаларға суреттер беріледі. Балалар ол суретте не бейнеленгенін және көпше етістікті қолдану арқылы айтады. Сұрағы қойылады. Д.О: «Кім қандай?» Ойынның мақсаты: Балаларды жәндіктердің сыртқы кейпіне, мекеніне, қозғалыс тәсіліне анықтама беруге ынталандыру. Ойын барысы: Балалар жәндіктерге анықтама бере отырып, оның сыртқы кейпінің ерекшеліктері, қозғалыс тәсілдері туралы айтады. Кім? Не? Қандай?- деген сұрақтарға нақты	1.Сауат ашу негіздері. Геометриялық фигуралардың, көгөністер, жеміс-жидектердің дайын суреттерінің сыртын шетке шығармай бастыру, бояу. Д.О. «Буыны көп сөз қайсысы?» Ойынның мақсаты: Сөздегі буынды анықтауға үйрету. Ойын барысы: Педагог балаларға бірнеше сөздерді айтады. Балалар сөздегі буын санын анықтап айтады. Д.О. «Суреттердің атауын буынға бөліп айт» Ойынның мақсаты: Сөздерді буынға бөлуді үйрету. Ойын барысы: Суреттердің атауын буынға бөліп айтады. Мысалы: балапан, ата, ана, көбелек, ұшақ, тиін, түлкі, кірпі. Еркін ойын: «Сөзді айтуға көмектес» Ойынның мақсаты: Сөздерді толық әрі дұрыс айтуға үйрету.

	айтады, ал балалар сол буынға қатысты сөзді тауып жалғастырады. Мысалы: Ал-ма, қо-ян. т.б. («коммуникативтік дағдыларды дамыту» б.д.о) 2.Математика негіздері. «Бір» сөзінің мағынасы, ол тек бір затты ғана емес сондай-ақ жиынның бір бөлігі ретінде заттардың тобын білдіретінін түсіндіру. ДО: «Біреу-көп» Ойынның мақсаты: «Біреу және көп»» ұғымын қайталау. Ойын барысы: Балаларға бірнеше түрлі заттар немесе пішіндер беріледі. Балалар ең алдымен оларды топтастырады. Қайсысы көп, қайсысы аз екенін атап айтады. Еркін ойын: «Достарыммен ойнаймын» Ойынның мақсаты: Заттардың қасиетін анықтау, ойлау дағдыларын дамыту. Ойын барысы: Педагог балаларға сурет көрсетеді. Балалар суреттегі заттардың қасиетін анықтайды. Балалар заттың атын атамай, қасиетін ғана айтады. Достары оның не екенін табады. Мысалы: тәтті (конфет,	ту-ту-ту» Дем алып «с-с-с, ш-ш-ш, ф- ф-ф»-деп айту. «Машинаның дөңгелегі жарылды» «Ш-ш-ш»-деп айт. Ян-ян-ян, Жүгіріп жүр қоян. Ыр-ыр-ыр, Ырлдайды қасқыр. Кі-кі-кі, Бұландайды түлкі. Ю-ю-ю, Қорбандайды аю. Са-са-са, Ызындайды маса. Қа-қа-қа, Бақылдайды бақа. Еркін ойын: «Адасқан Қызыл телпек қалай дыбыстады?» «Ау-у-у» Қимылды ойын: «Ертегі зообак» Ертегілердегі аңдардың дыбысын және жүрісін салу. 2.Қоршаған ортамен танысу. Бала, оның отбасы, үйі: өзінің болашағына, біліміне, денсаулығына, қызметіне, жетістіктеріне сенімді болуға, қоғамға пайдасын тигізуге баулу. Еңбекқорлықпен жауапкершіліктің маңызын түсіну, өзін-өзін құрметтеу, өз күші мен мүмкіндіктеріне деген сенімділікті арттыру. ДО: «Менің отбасым» Ойынның мақсаты: Отбасы туралы түсініктерін кеңейту. Отбасына деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу. Ойын барысы: Балалар шеңберге тұрады, өз отбасы туралы жақсы сөздер айтады.	айтады, балалар сөзді тез аяқтайды. Мысалы: бо-та, қа-ла, да-ла. т.б. Еркін ойын: «Қолға қалам аламыз, әдемі етіп жазамыз!» Ойынның мақсаты: Қолды жазуға дайындау, жазу дәптерінің бетінде бағдарлай білуге, жазу жолы мен жоларалық кеңістікті ажырата білуге үйрету. Ойын барысы: Балалар түрлі сызықтарды, штрихтарды салады, үзік сызықтарды бастырып, жалғастырып жазады. («коммуникативтік дағдыларды дамыту» б.д.о) 2.Математика негіздері. «Бір» сөзінің мағынасы, ол тек бір затты ғана емес сондай-ақ жиынның бір бөлігі ретінде заттардың тобын білдіретінін түсіндіру. ДО. «Реті бойынша нешінші?» ДО: «10-ға дейін санаймын» Ойынның мақсаты: Заттарды санау, жылдам ойлау дағдыларын дамыту. Ойын барысы: Балалар суретте бейнеленген заттарды санайды. Қандай заттар нешеуден екенін айтады. Еркін ойын: «Ермексаз әлемі» Ойынның мақсаты: Сандар туралы алған	жауап береді. 2.Қоршаған ортамен танысу. Заттық әлем, кеңістікті бағдарлау: Үй-жайларда, балабақша ауласында, жақын маңдағы шағын ауданда еркін бағдарлай білу. ДО: «Үстінде, астында, алдында, артында, оң жақта, сол жақта» Ойынның мақсаты: Кеңістікте бағдарлау қабілеттерін дамыту. Ойын барысы: Балалар суреттегі заттардың қай жерде орналасқанын айтады. ДО: «Кім қайда орналасқан?» Ойынның мақсаты: Кеңістікте бағдарлау қабілеттерін дамыту. Ойын барысы: Балалар суретте бейнеленген қыз бен ұлдың қай жеде орналасқанын айтады. 3.Қазақ тілі. Ауызекі сөйлеуді қарым-қатынас құралы ретінде дамыту. Балалардың қоршаған ортаға өзінің қарым-қатынасын білдіруге, ауызекі сөйлеуге ынталандыру. ДО. «Сипаттамасы бойынша таны» Ойынның мақсаты: Балалардың ойлау қабілетін арттыру. Создік қорын толықтыру. Ойын барысы: Педагог бір затты сипаттайды. (доп,	Ойын барысы: Педагог сөздің бірінші буынын айтады, ал балалар сол буынға қатысты сөзді тауып жалғастырады. Мысалы: Ал-ма, қо-ян. т.б. («коммуникативтік дағдыларды дамыту» б.д.о) 2.Математика негіздері. «Бір» сөзінің мағынасы, ол тек бір затты ғана емес, сондай-ақ жиынның бір бөлігі ретінде заттардың тобын білдіретінін түсіндіру. Сан және санау. ДО. «Кім шатаспай санайды?» Ойынның мақсаты: 10 көлеміндегі санды тура және кері санауға үйрету. Ойын барысы: Балалар 1-ден 10-ға дейін тура және кері санау. Сан және санау. 1-ден 10-ға дейінгі сандар. 1.Суреттегі бейнеленген заттарды сана. Қандай заттар нешеуден екенін айт. 2.Суреттегі заттарды санап, сәйкес цифрмен сызып қос. 3.Заттарды сана, сандарды боя. 4.Сана. Неше машина? Неше қуыршақ? Шаршыларға сонша нүкте сал.
--	---	--	---	---	---

